



ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



ҰЛТ РЕТІНДЕ ҰЙЫСУ

7

ЗЕРДЕ



БАБАЛАР РУХЫНА ТАҒЗЫМ

12

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



«БҮЛБҮЛ ТОРҒАЙ» АМАЛЫ

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

01.06.2023

Түнде:



+13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+27+29 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

02.06.2023

Түнде:



+13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+28+30 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №67 (6360) 1 маусым, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ПРЕЗИДЕНТ

ТАРИХТЫ ЗЕРДЕЛЕУ

Мемлекет басшысы жұмыс сапарымен Алматы қаласына келді



Сапар аясында Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар кездесулер өткізді, шаһардағы XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерттеу орталығына барды.

3

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖАРҚЫН МЕРЕКЕ

Шаһарда Халықаралық балаларды қорғау күніне орай бірқатар іс-шара өтеді

Баланың шат-шадыман күлкісі мен қуанышына ештеңе жетпейді. Әсіресе, бала үшін бүгінгі күн ерекше мереке.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бүгін қала билігі Алматының кішкентай тұрғындарына арнап бірқатар мерекелік іс-шаралар ұйымдастырып отыр. Балалар түрлі қызықты ойындарға қатысып, өз өнерлерін көрсетеді. Мәселен, сағат 11.00-де ҚБТУ

артындағы «Северный» скверінде (Қазыбек би – Абылай хан, Әйтеке би – Панфилов көшелерінің квадратында) «Алматы БАЛАФЕСТ» балалар фестивалі өтеді. Сағат 12.00-де «Family» саябағында, сағат 11.00-де «Гүлдер» саябағында, сағат 12.00-де Орталық мәдениет және демалыс саябағында, сағат 12.00-де С.Сейфуллин атындағы саябақта мерекелік концерттер болады.

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҚЫСҚА...

- Алматыға ШЫҰ-ның 2023-2024 жылдардағы туристік және мәдени астанасы мәртебесі беріледі.
- 2023 жылдың шілдесінен Қазақстан ШЫҰ-ға төрағалық ететін болады.
- Қазақстанда туып-өскен немістер Германияда Абай үйін ашты.
- Мәжіліс қарауына тұңғыш Президентке тіл тигізгені үшін жауапкершілік туралы бапты алып тастау нормасы енгізілмек.
- Елордада кәсіпкерлерге қажетті 958 қызметті бір мекемеден алуға болады.
- Елімізде оқушылардың сәйкестендіру карталары жүйесі іске қосылды.
- «Қайрат» футбол клубының бас бапкерлігіне испандық тәлімгер Марлон Веласко Херас тағайындалды.
- Күре жолдарда жарықты шағылыстыратын экрандар орнатылып жатыр.
- Бүгін Алматы мектептерінде дәстүрлі Соңғы қонырау соғылады.
- 3-12 маусымда Алматыда шахматтан Азияның құрлықтық чемпионаты өтеді.
- Елімізде онкологиямен күрес жөніндегі кешенді жоспар жобасы әзірленді.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ АҚОРДА

Мемлекет басшысы Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады. Ол Президентке VIII сайланған Парламенттің төменгі палатасының қызметі туралы мәлімет берді.

Сессия басталғаннан бері Мәжіліс депутаттарының қарауында 75 заң жобасы болды. Оның 14-і қабылданып, Сенатқа жолданды. Қазіргі уақытта депутаттардың қарауында онлайн-платформалар, заңсыз сатып алынған активтерді қайтару, «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын жүзеге асыру, қоғамдық бақылау, тұрғын үй қатынастарын жетілдіру туралы заң жобалары бар. Президентке 2022 жылғы республикалық бюджеттің жұмсалуды туралы Үкіметтің және Жоғары аудиторлық палатаның есебіне қатысты өтетін қоғамдық тыңдалымға дайындық барысы туралы баяндалды. Парламенттік дипломатия аясындағы жұмыстың қорытындылары туралы да әңгіме қозғалды. Биылғы маусымда Қазақстанның төрағалығы аясында БҰҰ қолдауымен Орталық Азия елдері әйелдерінің диалогының бірінші отырысы өтетіні белгілі болды.

■ СЕНАТ

Сенаторлар БҰҰ-ның Босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы Комиссары басқармасының өкілдерімен босқындар мәселелерін талқылады.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Асқар Шәкіров БҰҰ БЖКБ Азия-Тынық мұхиты аймағы бойынша бюросының директоры Индрика Ратваттемен кездесті. Тараптар келіссөз барысында Қазақстан мен БЖКБ-ның босқындар мен баспана іздеп жүрген адамдардың құқығын қорғау, сондай-ақ азаматтығы жоқтықты одан әрі болдырмау саласындағы ынтымақтастықтың өзекті мәселелері мен өзара іс-қимылының келешек бағыттарын талқылады. Қазақстан мен БҰҰ БЖКБ кездесу қорытындысы бойынша босқындардың құқығын қорғау саласындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов пен БАӘ-нің Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Мұхаммед Саид Мұхаммед әл-Арики өзара сауда көлемін ұлғайту және энергетика, көлік, логистика салаларындағы бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелерін талқылады, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Әлихан Смайылов Қазақстан Біріккен Араб Әмірліктерімен инвестициялық әріптестікті дамытуға ерекше мән беретінін атап өтті. Мәселен, өткен жылдың қорытындысы бойынша БАӘ-ден Қазақстанға тартылған инвестиция көлемі 27%-ға өсіп, шамамен \$420 млн болды. Осы ретте биылғы қаңтар айында Мемлекет басшысының ресми сапары аясында екі ел үкіметтері Жаңа стратегиялық инвестициялық жобаларды іске асыру туралы бірлескен декларацияға қол қойды. Мұхаммед Саид Мұхаммед әл-Арики әмірліктердің өзара тиімді мемлекетаралық ынтымақтастықты, оның ішінде ҚР Президентінің БАӘ-ге сапарының қорытындысы бойынша қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі бірлескен іс-қимылды арттыруға дайын екенін атап өтті.

■ КЕҢЕС

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев «таза парақтан» реттеуді жүзеге асыру, кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесін автоматтандыру мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау барысында «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеушілік саясаты енгізу жөніндегі шаралар туралы» Заң аясында Ұлттық экономика министрлігі мемлекеттік органдармен және «Атамекен» ҰКП, сондай-ақ бизнес қауымдастықпен бірлесе реттеудің 44 саласына талдау жасады. Барлығы 2823 нормативтік құқықтық актіге талдау жасалып, 128 119 талап анықталды, оның ішінде 10 108 немесе 7,9% талап жаңа реттеушілік саясатының негізгі шарттарына сәйкес келмейді. Заңнамаға өзгерістер енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Кеңес қорытындысы бойынша Ерұлан Жамаубаев мемлекеттік органдар мен ұйымдарға бірқатар тиісті тапсырма берді.

■ АЛМАТЫ - МӘДЕНИ АСТАНА

Алматыға ШЫҰ-ның 2023-2024 жылдардағы туристік және мәдени астанасы мәртебесі беріледі.

Шілде айында Нью-Делиде онлайн форматта өтетін ШЫҰ саммитінде қандай мәселелерді қарастыру көзделіп отыр және алдағы ұйымға төрағалық ету кезеңінде Қазақстанның назары қандай аспектілерге аударылатыны туралы ОКҚ алаңында өткен брифингте ШЫҰ қызметі мәселелері жөніндегі ұлттық үйлестіруші Мұрат Мұқышев айтып берді. Көпжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытудың жай-күйі мен перспективаларын қарастыру, ШЫҰ қызметін ұлғайту жөніндегі басым және практикалық шараларды айқындау жоспарлануда. Негізгі құжат Дели декларациясы болмақ, онда өзекті халықаралық проблемаларды бағалау және мүше мемлекеттердің көпжақты ынтымақтастық жөніндегі алдағы қадамдары көрсетілмек. Рәсімге сәйкес ШЫҰ-ға мүше мемлекет мәртебесін алу мақсатында Беларусь Республикасының міндеттемелері туралы Меморандумға қол қойылады. «Алматыға 2023-2024 жылдардағы ШЫҰ-ның туристік және мәдени астанасы мәртебесін беру бойынша арналған шешім қабылдау жоспарлануда. Алматы әкімдігі мен Мәдениет және спорт министрлігі ұйымға мүше мемлекеттердің мәдениет және өнер өкілдерін шақыра отырып, іс-шаралар жоспарын дайындады», – деді М. Мұқышев.

Ұлттық үйлестірушінің айтуынша, еліміздің ШЫҰ желісі бойынша төрағалық ету кезеңіне 80-ге жуық іс-шара жоспарланған. Соңғы кезең 2024 жылдың шілдесінде Астанада өтетін ШЫҰ саммиті болмақ.

■ БЖЗҚ

Әлеуметтік кодекс аясында 2023 жылғы 1 шілдеден бастап Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшыларына өзінің зейнетақы жинақтары сомасының 50%-ына дейін өзінің дербес таңдауы бойынша жеке басқарушы инвестициялық компанияларға беру құқығы беріледі.

«Бұл азаматтарға зейнетақы активтерін басқаруға қатысуға, өздерінің зейнетақы жоспарын құруға, жинақтарын инвестициялаудың балама саясатын таңдауға мүмкіндік береді», деп хабарлады ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. Жинақтарды жеке басқаруға беру кезінде әртүрлі инвестициялық стратегияларды пайдалану салымшылардың тәуекелдерін әртараптандыруға, неғұрлым жоғары инвестициялық табыстылықты алуға және тиісінше зейнетақы жинақтарының ұлғаюына ықпал ететін болады. Салымшы зейнетақы жинақтарын жеке басқарушы компанияға аударған кезде оның жинақтарын басқа басқарушы компанияға аудару не Ұлттық Банктің, яғни БЖЗҚ-ның басқаруына қайтару құқығы сақталады.

(Дереккөздер: akorda.kz; parl.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

■ ПРЕЗИДЕНТ

ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

ҰЛТТЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯНЫҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ



Мемлекет басшысы Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкеновті қабылдады

Кездесуде ел бірлігін нығайту бағдарлары, қоғамдық құндылықтарды дәріптеу ісінде қаламгер қауымның атқаратын рөлі тұжырымдалды.

Мемлекет басшысы Жазушылар одағы ұлттық интеллигенцияның басын қосып отырған қара шаңырақ екенін айта келіп, ақын-жазушылардың халық әдебиетін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, қоғамның бірлігін нығайтудағы еңбегі зор екеніне назар аударды.

Президенттің пікірінше, бүгінгі уақыт талабы басқа. Оқырманның талғамы, қоғамның құндылығы – барлығы өзгеріп келеді. Сондықтан шығармашы-

лық органның жұмысы да бүгінгі заман талабына сай болуы керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ әдебиетінде қазіргі оқырман талғамына сай, іздеп жүріп оқитын қызық туындылар жазылуы керек екеніне айрықша тоқталды. Сонымен қатар, жас ақын-жазушылардың шығармашылығына ерекше назар аудару қажет екенін атап өтіп, мемлекет тарапынан қаламгерлерді қолдау шаралары жалғаса беретінін айтты. Мереке

Құлкенов Президентке Жазушылар одағының жуырда өткен съезінде талқыланған маңызды ұсыныстар мен ұйымның алдағы жоспары жөнінде баяндады. Атап айтқанда, Жазушылар одағының төрағасы Президентке «Мәдениет туралы» заңға қазақ жазушыларының шығармаларын басып шығаруға және кеңінен таратуға септігін тигізетін арнаулы нормалар енгізу жөнінде ұсыныс айтты.

Сондай-ақ, қаламгерлерге жан-жақты қолдау көрсетіліп жатқаны үшін Президентке ризашылығын білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

отандық ғылымды дамыту ісінде негізгі рөл атқаруға тиіс



Мемлекет басшысы Ұлттық Ғылым академиясының президенті Күнсұлу Закарьяны қабылдады. Президентке Ұлттық Ғылым академиясының қызметі мен жоспары жөнінде есеп берілді. Сондай-ақ, ғылым саласына қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа мәртебеге ие болған Ұлттық Ғылым академиясы отандық ғылымды дамыту ісінде негізгі рөл атқаруға тиіс екенін атап өтті. Президенттің пікірінше, мемлекеттің ғылыми-технологиялық және экономикалық саясаты арасындағы өзара байланыстың нығаюына баса мән бере отырып, ғылымды дамытудың жаңа тәсіл-

дерін қолдану керек. Президент отандық ғылымды дамыту үшін мемлекет қажетті жағдай жасап жатқанына назар аударды. Президент жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңес жұмыс істейді. Зерттеу жұмыстарын қаржыландыру көлемі айтарлықтай артып, қаржыландыру тетіктері жетілдірілді. Бұл ретте Мемлекет басшысы қаржы-

ландырылып жатқан ғылыми жобалардың өзекті әрі сұранысқа ие болуы, сондай-ақ экономиканың нақты секторларында іс жүзінде қолданылуы маңызды екенін атап өтті.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы ҰҒА президенті Күнсұлу Закарьяға талантты әрі жас ғалымдарды ғылыми ортаға тарту жөнінде нақты тапсырмалар берді. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ғылыми интеллигенцияның елімізді дамытуға елеулі үлес қосатынын атап өтіп, Ғылым академиясы президентінің жауапты қызметіне табыс тіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЖҰМЫС САПАРЫ



ТАРИХТЫ ЗЕРДЕЛЕУ

XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерттеу орталығының маңызды бағдары

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев орталықта құжаттарды сақтау шартымен, мұрағат құжаттарын қалпына келтіру және микрофильмдеу кабинеттерінің жұмысымен танысты. Мемлекет басшысына өткен ғасырдағы саяси қуғын-сүргін тарихына қатысты материалдар бойынша жүргізілген жұмыстардың экспозициясы көрсетілді.

2020 жылдың қараша айында Президент Жарлығымен XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөнінде мемлекеттік комиссия құрылғаны белгілі. Мемлекеттік комиссия-

ның жұмысына қолдау көрсету мақсатында 2021 жылы XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерттеу орталығы ашылған болатын.

XX ғасырдың 30–50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін тарихына қатысты материалдар Орталыққа ИМ, ҰҚК, Бас прокуратураның арнаулы мұрағаттарынан беріледі. Орталық таяу уақытта барлығы 715 мыңға жуық істі қабылдап алады деп жоспарланып отыр. Мұнда құжаттарды құпиясыздандыру, қалпына келтіру жұмыстары жүзеге асырылады. Оларды зерттеу және ғылыми айналымға енгізу үшін тиісті

жағдай жасалған. Қазіргі уақытта тарихшы-ғалымдар мен орталық қызметкерлері «Алашорда ісі. 1920–1940 ж.ж. Құжаттар мен материалдар» атты көптомдықты баспаға дайындап жатыр. Бұл басылым XX ғасырдағы Қазақстанның саяси тарихының ғылыми көкжиегін кеңейтеді. Жалпы, Орталық қорында 260 мың іс, ал архивте 1 миллион 132 мың іс сақталған.

Мемлекет басшысы тарихымызды зерделеу ісінде Орталықтың жұмысы маңызды екенін атап өтіп, ұжымға сәттілік тіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

КӨЗҚАРАС

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай өзінің Фейсбуктегі парақшасына жазба қалдырды.

АЗАМАТТЫҚ
БОРЫШ

«Бұл – тарихтан тағылым алатын және бабалар рухына тағзым ететін маңызды дата. Шын мәнінде, халқымыздың басынан өткен қасіретті кезеңдерді ұлт жадынан өшірмеу айрықша мәнге ие. Сол арқылы тарихи санамызды жаңғыртып, ұлттық бірегейлігімізді нығайтамыз. Бұл күн Тәуелсіздіктің қадірін түсіну үшін де аса қажет. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы мәселеге үнемі баса мән беріп келеді. Президентіміздің тапсырмасы бойынша Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылғаны белгілі. Жүйелі жұмыстың арқасында бұрын құпия болып келген көптеген архив материалына қолжетімділік қамтамасыз етілді. Бұл ретте Сенаттың қолдауымен жа-

рық көрген алапат Ашаршылыққа қатысты жеті томдық құжаттар жинағын да атап өткен жөн», – деп жазды Сенат спикері.

Мәулен Әшімбаев өткен аптада осы атаулы күнге орай «Қар-Лаг» музейіне арнайы барып, жазықсыз жала жабылғандардың рухына тағзым еткенін айтып: «Ұлт үшін өмірін құрбан еткен арыстарымыздың есімдерін ұлықтау, қате саясаттың салдарынан опат болғандардың соңынан дұға бағыштау – баршамыздың перзенттік және азаматтық борышымыз. Сол себепті, бүгінгі буын мен келер ұрпақ үшін бұл күннің мәні терең, маңызы зор болып қала берері сөзсіз. Енді ешқашан Қазақ даласында мұндай қасірет болмасын! Ердайым еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!», – деген тілек қалдырған.

КОНФЕРЕНЦИЯ

«АЗАЛЫ ЖЫЛДАР МЕН АЗАПТЫ ЖОЛДАР»

Алматы облысының мәдениет, архив және құжаттама басқармасына қарасты «Алматы облысының музейлер бірлестігі» МКҚК филиалы «Саяси қуғын-сүргін құрбандары» музейінің ұйымдастыруымен Саяси қуғын-сүргін және аштық құрбандарын еске алу күніне орай Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінде «Азалы жылдар мен азапты жолдар: тарих сабағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Құрбандарды еске алып, рухына тағзым жасады.



Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2020 жылдың 24 қарашадағы №456 жырлығымен құрылған саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссияның жұмыстары, өңірлерде атқарылған жұмыстар бойынша тәжірибе алмасу, архивтерде сақталған құжаттармен жұмыс істеу және шетелдерде саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмыстары қалай жүргізілгендігі сынды мәселелер қарастырылды.

Екі күнге созылған конференцияның бірінші күні құрбандарға арнап Құран оқылды, ас берілді. Саяси қуғын көрген зиялылар туралы бірнеше құнды кітаптың тұсауы кесілді.

Ақын Сұраған Рахметұлының «Хужирты құрбандары» атты Моңғолия қазақтарының басынан кешкен сталиндік қуғын-сүргін туралы кітабы жарық көрді. «Моңғолияда 1938 жылы әр жеті қазақтың бірін атты. Ең жеңіл жаза алғандардың өзі

25 жылға сотталды. Азаптаудың адам төзгісіз жағдайларының бәрі осы кітапқа жазылды», – деді автор өз сөзінде.

Гарифолла ӘНЕС, филология ғылымының докторы, Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінің аға ғылыми қызметкері:

– Президенттің Жарлығымен толық ақтау бойынша мемлекеттік комиссия жұмыс істеп жатқаны белгілі. Бұл үлкен серпіліс болды. Әуелі 1932 жылғы ашаршылық туралы 3 том кітап шықты. Одан кейін 1921–1922 жылдардағы ашаршылық туралы 2 том, өткен жылдың аяғында ғана өңірлік комиссиялардың жұмысы туралы 31 том кітап шықты. Биыл да 50 том кітап шығады. Алматы облысы бойынша 4 кітап дайындап отырмыз. Мемлекеттік комиссия құрылған кезде 11 топ болған. Оның ішінде Алашорданың тарихын зерттейтін «Алаш» деген топ болмаған еді. Қуғын-сүргіннің өзі Алаштың тарихы болғандықтан, ол топтың болуы заңды. Қазір комиссия жұмысы аяқталар тұста Президент архивінде «Алаш» деген 15 том дайындалып жатыр. Атылған, асылған, айдалған, жалпы қуғын көргендердің бәрінің бір бет болса да хаттама қағаздары бар. Олар түбі шығады.

Негізгі заң бойынша 50 жылдан кейін жариялануға тиіс. Өте құпия дегеннің өзінде 70 жылдан артық ешбір құжат жабық жатпауы керек. Ал бізде 100 жыл бұрынғы құжаттар әлі құпия сақталуда.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Конференцияға саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның, өңірлік комиссияның жұмыс топтары өкілдері, тарихшы ғалымдар, жоғары оқу орындары оқытушылары, архив қызметкерлері, өлкетанушылар қатысты.



ӘЛЕУМЕТ

«ОТБАСЫ БАНК»

жеңілдетілген тұрғын үй бағдарламалары туралы түсіндірді



Алматының Әуезов ауданындағы «Бақытты отбасы» орталығында «Отбасы банк» өкілдері тұрғындарға жеңілдетілген тұрғын үй бағдарламалары туралы жан-жақты мағлұмат берді.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Азаматтық орталық көкжиегін кеңейтіп, құрамы тәжірибелі үздік сарапшылармен толығып келе жатқан отандық үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ) оқыту тренингтері мен семинарларынан басқа, осындай көпшілікке аса қажет ақпараттық іс-шараларды да жиі өткізіп отырады.

Солардың бірі Қазақстанның тұрғын үй бағдарламасына арналған. «Отбасы банк» өкілі – жоба менеджері Гауһар Бисенова кездесу барысында еліміздегі арнайы мемлекеттік бағдарламалар бойынша жеңілдетілген тұрғын үй сатып алудың бірнеше мүмкіндігін атап өтті.

Мұндай бағдарламалар халықтың белгілі бір топтарына арналған. Оларға қатысу үшін тұрғын үй кезегіне тұру керек. Алайда, жыл сайын бағдарламалар шарттарының өзгеріп отыратынын білген жөн.

Биыл тұрғын үй мемлекеттік бағдарламаларының шарттары өткен жылдың қыркүйегінде қабылданған тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасымен реттеледі. 2023 жылы мемлекеттік бағдарлама бойынша пәтер алудың екі жолы бар: тұрғын үйді жалға алу және жеңілдікті мөлшерлемелер бойынша тұрғын үй сатып алу. Кездесуде осы мәселелер түсіндірілді.

«Бақытты отбасының» негізгі бағдарламасында мынадай шарттармен ең төменгі сыйақы мөлшерлемелері қолданылады: 2% – сыйақы мөлшерлемесі; 10% – бастапқы жарна; 20 жылға дейін – кредит мерзімі. Соңғы 5 жыл ішінде жеке тұрғын үй болмауы керек және тұрғын үйге кезекте тұруы қажет. Қатыса алатындар: жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; көпбалалы аналар мен көпбалалы отбасылар; I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар; мүгедек баласы бар немесе мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған отбасылар. Ал «Нұрлы жер» бағдарламасының жаңа тұжырымдамасында шарттары басқа: 5% – кредиттеу мөлшерлемесі; 10% – бастапқы жарна; 20 жылға дейін – кредит мерзімі. Өкімдікте кезекте тұрған қалған барлық адам, оның ішінде толық емес отбасылар, мемлекеттік қызметкерлер, бюджет қызметкерлері қатыса алады.

Осы жылдың 10 мамырынан бастап «Отбасы банкінде» «Ұмай» әйелдерге арналған жеңілдетілген ипотекаға өтінімдерді қабылдау басталып, ол өтінімдер рұқсат етілген шектен асып кеткендіктен сол күні аяқталды. Бұл жолы тұрғын үйді 14,4% мөлшерлемен сатып алу, содан кейін 3,5%–5%-ға дейін төмендету тек жұмыс істейтін әйелдерге ұсынылады.

Жеңілдетілген тұрғын үй бағдарламалары туралы жан-жақты мағлұмат білгіңіз келсе, «Отбасы банк» сайтынан және әлеуметтік парақшасынан (https://www.instagram.com/otbasy_bank_almaty.kz/) табуға болады.

Өзге де мемлекеттік және әлеуметтік бағдарламалар бойынша қосымша ақпараттарды білгіңіз келсе, Алматының азаматтық орталығына хабарласыңыз: +7 (727) 398-95-25, e-mail: info@civilcentralalmaty.kz

Заңсыз ағаш
кескендер
жазаланарды

Қаламызда №189 орта мектептің ауласында төрт ағаш заңсыз кесілген. Қазыбек Тауасарұлы көшесі, 27 мекенжайында орналасқан мектеп ауласынан заңсыз кесілген ағаштар жөнінде сұрағанымызда, Бостандық ауданы әкімдігі де мұны растады.

Аудандық әкімдіктегілер: «Экология және қоршаған орта басқармасына мектеп атынан өтініш түспеген. Демек, ағаш кесуге рұқсат етілмеген» деп мәлімдеді. Осыдан соң қалалық Экология және қоршаған орта басқармасы тарапынан аудандық полиция басқармасы мен қалалық табиғат қорғау полициясына ҚР заңнамасына сай, шара қолдану жөнінде хат жолданды.

Құқық қорғау органдарының бірлесіп тексеруі кезінде жапырағы жайқалған төрт ағаштың кесілгені анықталды. Мұнан келген шығын көлемі – 110 АЕК. Енді кесілген ағаштардың орнына 200 тал шыбық отырғызуға тура келеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Шатқалды
шарлағандар
құтқарылдыАйнабай
МӘДИ

Республикалық жедел-құтқару жасағы Аюсай шатқалында адасып кеткен үш туристі құтқарды. Түннің ортасы кезінде республикалық жедел-құтқару жасағының кезекші бөліміне Алматы төтенше жағдайлар департаментінен Аюсай шатқалында ер адамның жоғалып кеткені туралы хабарлама түсті.

Үш адамнан тұратын туристік топ Аюсай шатқалына кеткеннен келмеген. Кеш түскенше үйлеріне оралмаған олардың туыстары Алматы қалалық ТЖД-ға хабарласып, көмек сұраған.

Оқиға орнына жеке құрамның 7 адамнан құралған жедел тобы (оның ішінде кинолог бар) іздестіру-құтқару жұмыстарына шықты. ТЖМ қызметкерлері Аюсай шатқалына келіп, іздеуге кірісті. Құтқарушылар 2 топқа бөлінді. Бірінші топ Космостанция аймағынан іздеуді бастаса, екіншісі Проходное шатқалын шарлап, із кесті.

«Жоғалған туристер Аюсай шатқалындағы екінші сарқыраманың үстінен табылды. Ешқайсысына медициналық көмек қажет болмады. Нәтижесінде үш адам: 1993 жылы туған отандасымыз бен ресейлік екі азамат (1990 жылы туған әйел, 1980 жылғы ер адам) құтқарылды», деп хабарлады Республикалық жедел-құтқару жасағының баспасөз қызметі.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

ДЕНІ САУ БАЛА – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ
Маман кеңесін тегін алыңызҚұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бүгін Алматының мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде Халықаралық балаларды қорғау күніне орай жас пациенттер үшін Ашық есік күні өтеді.



Аталмыш іс-шара балаларға алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдарында, сондай-ақ №2 қалалық балалар ауруханасында, Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығында, Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында, Қалалық перинаталдық орталықтарында ұйымдастырылады.

Қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы хабарлағандай, бұл акция халықтың назарын балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселесіне аударуға бағытталған.

Бұл күні емханадағы барлық бала педиатр, невропатолог, офтальмолог, ЛОР дәрігері, тіс дәрігері, психолог және басқа да көптеген мамандандырылған мамандардан кеңес ала алады. Аспаптық зерттеулер, балалардың бойы мен салмағын өлшеу, тыныс алу жүйесін кешенді бағалау, баланың психофизикалық және соматикалық денсаулығының деңгейін бағалау жүргізіледі. Содан кейін ата-аналар баланың денсаулығы туралы қорытынды және қажетті ұсыныстар алады.

Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында Орталықта туған 1 жасқа дейінгі сәбилерге кеңес беріледі. Түрлі патологиялар, балалар мерзімінен бұрын туған ата-анаға кеңес беру, динеонатологтардың, балалар невропатологтарының, Катмнез орталығы дәрігерінің, балалар ультратыбыстық диагностикасы дәрігерінің (нейросонография) консультациялары жүргізіледі.

Қалалық перинаталдық орталықта неонатолог, педиатр, балалар невропатологы, ультратыбыстық нейросонография дәрігері және балалар офтальмологы секілді мамандар кеңес береді.

№2 қалалық балалар клиникалық ауруханасында Алматы қаласы Әуезов ауданының балаларына тегін консультациялар өтеді. Оны аурухананың жетекші мамандары, консультативтік-диагностикалық орталықтың қызметкерлері, С.Д.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ КЕАК, ҚРМУ және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖММ (кардиолог, нефролог, аллерголог, пульмонолог, невропатолог, эндокринолог, гастроэнтеролог, гематолог, хирург, травматолог, уролог, онколог, офтальмолог) университет кафедраларының профессорлық-оқытушылар құрамы жүргізеді.

Балалар хирургі, торакальді хирург, проктолог, нейрохирург, педиатр, ревматолог, нефролог, ортопед, травматолог, невропатолог мамандықтары бойынша үлкен тәжірибесі бар профессорлар, ғылым кандидаттары және дәрігерлер Балалар жедел медициналық жәрдем орталығында консультация береді.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған ұйымдарда тақырыптық «дөңгелек үстелдер», байқаулар, балалардың суреттері мен қол-өнерінің көрмелері, сондай-ақ кездесулер мен мерекелік шаралар ұйымдастырылады.

Іс-шаралар бүгін, яғни 1 маусым күні сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін өтеді.



САРАПТАМА

АУҒАНСТАНДА АТЫЛҒАН ОҚ

Орта Азияда су үшін күрес күшейді

Өткен апта соңында Иран мен Ауғанстан шекарасында оқ атылып, екі тараптан да шекарашылар қаза тапты. Төрт төңірегін жанжал қоршап тұрған Орта Азия елдері үшін бұл елестерлік оқиға. Қарабақ соғысы мен Ресей–Украина соғысының зор дүмпулері жұрт санасын бұрып кетсе де, Ауғанстан мәселесі Қазақстанды қамтыған аймақ үшін әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Терең әлеуметтік һәм экономикалық дағдарыс меңдеткен Ауғанстан әлі ешбір ел ресми билік деп танымаған тәліптердің бақылауында. Ондағы терроризм мен экстремизм қаупі және оның көршілес аймаққа болған әсері біздің қоғамның қаперінен тыс қалмауға тиіс.

«СУДАН ШЫҚҚАН ӨРТ»
АЙМАҚТЫ
АЛАҢДАТАДЫ

Мәліметтерге сай, оқ атысуға дейін апарған жанжал трансшекаралық су мәселесінен шыққан. Иран президенті Ибрагим Раиси осы айдың басында Талибанға Иранның Гильменд өзеніне су құю құқығын бұзбауды ескерткен. Қақтығыстан бір күн бұрын ғана «Талибан» қозғалысы мен Иран өкілдері Гильменд өзеніне су беру құқығына қатысты ақылдасқан. Бұған қарамастан екі тараптың қаруға жүгінуі күтпеген жағдай. Иранның Революция сақшылары корпусы істі жауапсыз қалдырмаймыз деген мәлімдемесін де жасады. Бұл алда болатын ықтимал қақтығыс қауіптерін білдіреді.

Иран мен Ауғанстан арасындағы қақтығыстың су мәселесінен шығуы тегін емес. Аймақ елдерін де осы мәселе алаңдатса керек. Себебі, тәліптердің көрші елдермен даулы іс-қимылдарды бірден шекаралық өзендерден бастауға назар аудартады. Бұдан бұрын Әмудария суының 3/1 бөлігін бұрып әкететін «Күш-Тепа» каналының құрылысы да Өзбекстан мен Түркіменстанды алаңдатып қойған еді. Иран ұзақ жылдан бері құрғақшылықтан зардап шегіп келеді. Соңғы 10 жылда жағдай тіпті нашарлады. Ресми мәліметтерге жүгінсек, елдің 97 пайыздан астам аумағы құрғақшылықпен бетпе-бет келіп отырғанын көреміз. Өңірлік климатқа қатысты бұл өзгеріс бізге де өз әсерін тигізіп келеді. Құрғақшылық пен шөлейттену Орта Азия елдерінде де жылдам өсіп келеді. Көптеген сарапшылар су мәселесі болашақта Орталық Азияда күрделі қайшылықтарға жол ашатынын айтып келген.

Иранмен шекарада оқ атысу арқылы «Талибан» су мәселесі бойынша қақтығысқа баруға да дайын екенін көрсеткендей. Қалай деген күнде де, бұл Қазақстанды қамтыған осы аймақтағы су ресурстары үшін күрестің күшейгенін білдіреді.

КҮМӘНДІ КАНАЛ
ҚҰРЫЛЫСЫ:
ТӘЛІПТЕР НЕ ІСТЕП
ЖАТЫР?

«Талибан» Ауғанстанның солтүстігіндегі үш провинцияны кесіп өтетін канал құрылысына күш салуда. Канал қазу қарқынды жүріп жатқан тұста өзбек және түркімен тарабы жобаның келтіретін зиянын айтып дабыл қақты. Өзбек сарапшылары жаңа канал Ауғанстанға да игілік әкелмейтін, керісінше құрғақ даладан өтетін дария суы жерге сіңіп сырап болатынын алға тартады.

Бұл сондай-ақ, Арал өңіріне дейінгі алып аумақтағы тұрғындардың тағдырына саятыны белгілі. Анығында, бұл бізге де қатысты мәселе. Арал тағдыры, өңірдегі шөлейттенудің жылдан-жылға артуы аймақ елдерін алаңдатып отырған шақта «Талибан каналы» жағдайды тіптен қияндата түспек. Тәліптердің мәліметінше, 285 шақырымға созылатын канал жобасы-

ның құны 684 миллион долларды құрайды. Бір уақытта 6,5 мың жұмысшы жұмыс істеп, жалпы жоба аясында миллионнан астам адамды жұмыспен қамтитыны айтылған. Олар 5 жылға жалғасатын құрылыстың былтыр 40 шақырымын аяқтады.

Ауғанстандағы қазіргі әлеуметтік ауыр жағдайды суреттеп беретін деректер жеткілікті. БҰҰ-ның гуманитарлық көмекке шақырып, дабыл қаққан ескертулері және бар. Бірақ өзге балаларына азық-түлік пен дәрі-дәрмек алу үшін балиғат жасына жетпеген қызын сатуға мәжбүр болып жатқан ауғанстандықтарды айтудың өзі олардың елдегі жағдайын түсіндіруге жеткілікті болар. Тәліптердің билікке келгеніне екі жылға жуық уақыт болса да, олардың елдегі әлеуметтік-экономикалық дағдарысты шешуге дәрмені жеткен жоқ. Бұл арада елдегі жұмыссыздық, инфрақұрылым, т.б. толып жатқан мәселелерді айтудың өзі артық.

Әлемнен дипломатиялық оқшауланып қалған Талибан билігінің дағдарыстан қысқа уақытта шыға алатынына сенім аз. Бірақ тәліптер өз билігін бекемдеу әрекетін жасап

(Дереккөз: <https://azer.press/>)

жатыр. Олардың алдында ішкі дағдарысты шешумен бірге, легитимділігін мойындату дейтін басты міндет тұр.

Кеше ғана Reuters агенттігі өзінің құпия ақпарат көздеріне сүйене отырып, Ауғанстан мен Катардың жоғары лауазымдылары құпия кездесу өткізгенін хабарлады. Дереккөзде айтылғандай, Катардың премьер-министрі Мұхаммед бин Абдулрахман әл-Тани мен Талибан жетекшісі Хайбатулла Ахунзада арасындағы кездесу 12 мамырда Кандаһарда өткен. Олар Ауғанстанның дипломатиялық оқшауландырудан шығу жолдарын тал-

қылаған. Бұл Талибан жетекшісінің шетел басшысымен алғашқы кездесуі саналады. Әл-Тани кездесуде тәліптердің қыз балаларды жоғары сыныптарға оқытпау, әйелдердің жұмыс істеуіне шектеу қою секілді әрекеттерін сынға алған. Бұл онсыз да оларды ресми билік деп тануға үлкен кедергілердің бірі еді. Reuters-тің жазуынша, АҚШ президенті Джо Байден бұл кездесуден хабардар және диалогты дамытуға үміткерлік танытқан. Бұның да өзіндік мәні бар, Құрама Штаттар мен Талибан қозғалысы кезінде Катар арқылы келіссөз өткізіп келді.

АУҒАНСТАН
ТҮЙТКІЛІ

Ауғанстанның географиялық орналасуы елге аса жоғары стратегиялық маңыз береді. Ел аумағы ежелден сауда өткелі, қарым-қатынастардың үлкен дәлізіне айналған. АҚШ-тың бұл елде 20 жыл қарулы күш орналастыруы да аймақтағы Ресей, Қытай және Иран секілді ойыншылардың ықпалына тосқауыл болып тұрды. Бірақ АҚШ пен коалиция күштері шығуының алды-артында Ирак пен Сирия жерінен жеңіліс тапқан ДАИШ секілді террорлық, экстремистік топтардың Ауғанстанға қарай жинала бастағаны әлемдік ақпарат кеңістігінде айтылған еді. Бұл сол елдің аймаққа төндіретін террористік және экстремистік қауіптерін арттырған. Тәліптер уәдесіне сай елде террорлық ұйымдардың әрекеттеріне жол бермейтінін айтады.

Дегенмен, бұл толық деңгейде жүзеге аса ма деген күдік басым. Бұған қарсы әр тарап түрлі шара қолдануда, Қытай «Бір белдеу, бір жол» жобасына Ауғанстанды да белсенді түрде тартуда. Діни экстремизм, терроризм қаупімен қатар су ресурстарының жаңа деңгейдегі мәселесіне тап болған Орта Азия елдері Ауғанстан мәселесіне көбірек көңіл бұруына тура келгендей.

Бүгінде Ауғанстанды ешкім ресми билік деп мойындамаған тәліптер басқарып тұр. Неге АҚШ тәліптермен келіссөзге келіп, тұрақсыз күйдегі Ауғанстанды «тас-тап кетті»? Иранмен арадағы шекаралық жанжал су мәселесінен шықты. Тәліптер неліктен әңгімені Орта Азиядағы ең нәзік мәселе – судан бастап жатыр? Көрші елдермен ұстаным қайшылығы бар тәліптер елдегі дағдарысты шешіп, тұрақтылықты қамтамасыз ете алады дегенге сенім аз. Ендеше, олар билеген Ауғанстанның қазіргі жай-күйін қалай бағалауға болады? Ауғанстаннан аймаққа төнетін қауіп қандай? Біз осы сауалдар төңірегінде шығыстанушы, журналист Қуанышбек Қариді әңгімеге тартқан едік.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қуанышбек ҚАРИ:

АЙМАҚҚА ТӨНЕТІН ҮЛКЕН ҚАУІП ЖОҚ



Ауғанстанға тәліптердің билігі келгелі көрші елдермен қарым-қатынасы белгілі бір жүйеге түсе қойған жоқ. Себебі, бұл көрші елдерді тәліптердің режимін мойындау және мойындамау дейтін екіұдай күйге қалдырды. Мойындамайын десе, Ауғанстанның әкімшілік басқаруы солардың қолында, мо-

йындайын десе, кезінде террористік ұйым ретінде танып қойған. Яғни репутациясы жағымды ұйым емес. Ауғанстанның өз үшін де керемет жағымды болды деп айту қиын. Ел ішінде бұрынғымен салыстырғанда атыс-шабыс, жарылыс дегендер азайды, жоқ деуге де болады. Бұны бейбітшілік деп айту қиын шығар, тек қауіпсіздік жағынан біраз тыныштық орнаған секілді.

Тәліптер мен көрші елдердің қарым-қатынасының даму бағытын қарастырғанда, ең алдымен осы су мәселесі ойға оралады. Себебі, Ауғанстан Орта Азия мен Иран үшін судың басында отырған ел. Иранмен арадағы мәселе де осыған байланысты туындап кетті. Бұл шекараға таяуда ғана Иран президенті сапарлап барған. Тараптар бірлесіп су мәселесін диалог арқылы шешеміз деген жақсы әңгімелер айтқан. Бірақ көріп отырмыз, шекара бекетіне тәліптер шабуылдап, командирлері жағынан «Тегеранды басып аламыз», «қырамыз, жоямыз» дегендей өрекіпген әңгімелер де айтылды. Бұл «Талибан Иранға соғыс ашты» дейтін фейк жаңалықтарға себеп болды. Мәселе соншалықты бір соғыс жариялайтындай деңгейде емес; екіншіден, тәліптердің қазіргі деңгейі Иранмен соғысатындай деңгейде емес. Екі ел шекарасында қару-жарақ пен есірткі контрабандасына байланысты атыс жиі болып тұрады.

Ал Гильменд өзені Иран үшін өте маңызды. Өзен

суының тежелуі өңірде әлеуметтік-экономикалық проблема жасап отыр. Оны тұтынып отырған ирандық провинцияның өзі Тегеран билігінің негізгі назарынан тыс қалып келе жатқан дотациядағы өңір болатын. Әлеуметтік проблема да әбден қордаланып қалған, тіпті Иранның орталық үкіметіне де қарсы көңіл күй бар. Бұндай жағдайды тәліптер де пайдаланғысы келеді. Бірақ факт – төменгі ағарындағы халық суға жарымай отыр. Бұл негізі жылдар бойы шешілмей келе жатқан өзекті мәселе.

Көршілес елдер амалсыздан Ауғанстанның әкімшілігін басқарып отырған тәліптермен ымыраға баруға мүдделі. Себебі, елді билеп отырған басқа бір саяси күш жоқ. Оларды ресми билік ретінде мойындамағанымен де, саяси-экономикалық қатынас барысында тәліптермен байланыс орнатуға мәжбүр. Бұл айтылғандар Орта Азия елдеріне де қатысты. Қазақстан Ауғанстанға астық өнімдерін экспорттап отыр, Өзбекстан болса теміржол қатынасын қалыптастырып жатыр. Түркіменстаннан Пәкістан мен Үндістанға тартылатын газ құбыры да Ауғанстан арқылы өтуі керек болатын. Сайып келгенде, бұның бәрі «Талибанды» легализациялауға жол ашпақ, Алайда, оған «Талибан» дайын емес секілді, ішкі тартысы да жеткілікті. Ауғанстан халқына қолдау мен гуманитарлық көмектерді де амалсыз «Талибан» арқылы жүргізуге тура келеді.

Қауіп барма дегенге келсек, тәліптер алғаш билікке келгенде көршілес елдермен тату қарым-қатынасқа мән беретінін айтқан. Бұған қарап «Талибаннан» тікелей қауіп төнеді дей алмаймыз. Алайда, олар елдегі экономикалық саясаты дұрыс болмаса, әлеуметтік мәселені шешпесе, Ауған халқының босып, төңіректегі елдерге кету қаупі бар. Мұның босқын қабылдау міндетін алған Иран секілді елдер үшін маңызды бар. Ал Орта Азия елдеріне ондай көп ауғанстандықтар келеді деп ойламаймын. Бұдан аймаққа төніп тұрған үлкен қауіп жоқ екенін білеміз.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК

АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК
ЖӘРДЕМАҚЫ

төлеуге 2023 жылы елімізде 1,3 млрд теңге жоспарланған

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. 2003 жылдан бастап Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына біржолғы ақшалай өтемақы және арнайы мемлекеттік жәрдемақы ретінде 18,4 млрд теңге төленді. Биыл бұл мақсатқа 1,3 млрд теңгеден астам қаражат қарастырылған, деп хабарлады ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес саяси қуғын-сүргін құрбандарына және саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен деп танылған азаматтарға 2003 жылдан бастап біржолғы ақшалай өтемақы төленеді.

«2003–2022 жылдар аралығында республикалық бюджеттен 2,9 млрд теңге сомасында біржолғы ақшалай өтемақы төленді. Өтемақы мөлшері 2588 теңге мен (3/4 АЕК) 345 000 теңге (100 АЕК) аралығында. 2023 жылға республикалық бюджетте аталған мақсаттарға 768 мың теңге қарастырылған», – деп хабарлады ҚР ЕХӘҚМ Әлеуметтік көмек департаментінің директоры Айнұр Абдырахманова.

Бұдан басқа, саяси қуғын-сүргін құрбандарына, сондай-ақ саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен, мүгедектігі бар немесе зейнеткерлер болып табылатын адамдарға әлеуметтік төлемдердің өзге де түрлеріне қарамастан 1,07 айлық есептік көрсеткіш



мөлшерінде (2023 жылы – 3692 теңге) арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді. «2005 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі кезеңде республикалық бюджеттен 15,5 млрд теңге сомасында арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленді. 2023 жылы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеуге 1,3 млрд теңге жоспарланған. Биылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 28 316 жаппай саяси қуғын-сүргін құрбаны және саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен азамат арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алды», – деді Айнұр Абдырахманова.

Сонымен қатар, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап саяси қуғын-сүргін құрбандары, сая-

си қуғын-сүргіннен зардап шеккен, мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын адамдар, арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны Әлеуметтік кодекс шеңберінде артырылған жаңа 1,23 АЕК (2023 жылы – 4244 теңге) мөлшерде алады.

Ақталған азаматтардың, сондай-ақ саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен деп танылған, мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын адамдардың бірінші кезекте:

- бас бостандығынан айыру орындарында ұсталған, жазасын өтеген, басқа елді мекемелерге жіберілген, арнайы елді мекемелерде еркіндігі шектеліп, мәжбүрлі еңбекпен айналысқан және мәжбүрлеп психиатриялық

Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай саяси қуғын-сүргін құрбандары мен зардап шеккендерге біржолғы материалдық көмек көрсетіледі.

мекемелерде емдеуде болған уақытының үш есе мөлшерде зейнетақы алу үшін қатысу өтіліне есептелуіне;

- оларға ыңғайлы уақытта кезекті еңбек демалысын алу, сондай-ақ жылына екі аптаға дейінгі мерзімге жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс алу;

- телефондарды бірінші кезекте орнату;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес карттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған интернат-үйлерге бірінші кезекте орналастыру, оларда толық мемлекеттік қамтамасыз етуде тұру;

- протездік-ортопедиялық бұйымдармен жеңілдікпен қамтамасыз ету;

- оңалтуға байланысты мәселелер бойынша адвокаттардан тегін кеңес алуға құқығы бар.

Бұдан басқа, жергілікті атқарушы органдар жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша саяси қуғын-сүргіндерге ұшыраған және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақталған адамдарға материалдық және басқа да көмек түрлерін көрсету жөнінде жергілікті бюджеттер есебінен қосымша шаралар белгілеуге құқылы.

Жыл сайын Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай жергілікті атқарушы органдар саяси қуғын-сүргін құрбандары мен зардап шеккендерге біржолғы материалдық көмек көрсетеді.

2023 жылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен 3828 азаматқа 3692 теңгеден 30 000 теңгеге дейінгі мөлшерде 48,6 млн теңге сомасында біржолғы материалдық көмек көрсетіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz).

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

«ҰМЫТУҒА ЖАТПАЙДЫ»

Саяси қуғын-сүргін: зерттеу мен зерделеу



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Архивінде Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған «Ұмытуға жатпайды: 1920–1950 жылдардағы Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өтті. Жиынның мақсаты – саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссияның жұмысын қорытындылау.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған іс-шараға белгілі тарихшылар, көрнекті заңгер-ғалымдар, саясаттанушылар, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі Алматы қалалық комиссиясының мүшелері, Алматы қаласы әкімдігінің өкілдері, ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатының басшылары және қоғам қайраткерлері қатысты.

«Дөңгелек үстел» аясында Алматы қаласы әкімдігі жанындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия басшысының орынбасары, тарих ғылымының докторы Бауыржан Жангуттин «Қазақстандағы 1920–1950 ж.ж. саяси қуғын-сүргін» атты тақырыпта және ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымының докторы, профессор Хангелді Әбжанов «Құпия құжаттар және қуғын-сүргін ақтандары» тақырыбында баяндамалар жасады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Болат ЖОЛАМАНҰЛЫ,
Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі Алматы қалалық комиссиясының мүшесі:

АҚТАЛУҒА ТИІС АЗАМАТТАРДЫҢ
БӘРІ АНЫҚТАЛАДЫ

Комиссияның 3-тобының зерттеу тақырыбы – астық, ет дайындау, кәмпескелеу, т.б. науқандар барысында жазаланған адамдарды ақтау мәселелері. Оларды ақтау мәселесімен комиссия құрылғалы бері айналысып келеміз. 2021 жылдың қорытындысы бойынша 1486 адамды ақтауға ұсындық. Оның 762-сі туралы ақпарат бар. Комиссия жұмысының бағыты 3 жылдың ішінде бірнеше рет өзгерді. Жұмыс басталғанда 9 бағыт бойынша жұмыс істедік. Ақталмағандарды санаттары бойынша анықтау жұмысы жүргізілді. Ұжымдас-тыру, түрлі саяси шаруашылық күштеу шаралары барысында елден ауа көшкендер, босқындар мәселесі де зерттеуден тыс қалмайды.

Ақталуға тиіс азаматтардың бәрі анықталады. Біз өте ескі статистикаға сүйеніп жүрміз. Қазақ зиялыларының саяси қуғынға ұшырауы барысында 1937-1938 жылдары 10 5000-нан 120 мыңға жуық адам сотталып, 25 мыңы атылды деп жүрміз. Бұл болжамды сан ғана. Ғалымдар мен тарихшылар зерттеу барысында осы санға қатысты әртүрлі санды жобалап айтып жүр. Мұны кеңінен қамтитын болсақ, жалпы КСРО шеңберінде жазалаушылық саясатының кесірінен құрбан болғандардың шығыны – 100 миллионға жуық. Оның ішінде, аштық, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде құрбан болғандар да бар. Тіпті, қуғын-сүргіннен зардабынан дүниеге келмей қайтқан балалар да бар. Бірақ бұл сан әлі өзгереді. Қазақ халқы өткен ғасырда мұндай шығынға ұшырамағанда бүгінде кемінде 60 миллион болар еді.

Алматы қаласының 1927–1930 жылдардағы тұрғындар саны шамамен 50–70 мыңға дейін болған. Қала халқының 38–40 пайызы ет, астық дайындау, бау-бақша шаруашылығымен айналысқан. Шаруалар салық төлемегені үшін жазаланған. Сол кездегі қылмыстық кодекске енгізілген қатаңдату шаралары барысында оларға тағайындалған жаза кем дегенде 3–5 жылға дейін сотталып, барлық мүлкі кәмпескеленген. Өздері жер аударылған. Алматы қаласы бойынша қуғын-сүргінге ұшырағандар саны – 3 мыңдай деген болжамды сан келтіреміз.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссиясының жұмысы биыл тоқтатылады. Комиссияның қазіргі таңдағы қызу жұмысы 2 бағыт бойынша жүргізілуде.

БРИФИНГ

ТОЛЫҚ АҚТАЛУҒА ТИІС

Мемлекеттік комиссия ашаршылық құрбандары туралы жинақ шығаруды жоспарлап отыр

Осыдан үш жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен елімізде Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылған еді. Алматыда да осындай комиссия құрылып, құрамына тарихшылар, саясаттанушылар кірген болатын.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте аталған комиссияның бүгінде нендей жұмыстар атқарып

жатқанын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, тарих ғылымының кандидаты Гүлжазира Әбікенова айтып берді.

Спикердің айтуынша, бұл бағыттағы жұмыстар еліміз тәуелсіздік алған жылдары-ақ қолға алынған. 1993 жылы 14 сәуірде саяси қуғын-сүргін құрбандарын мәңгі есте қалдыру туралы арнайы шешім қабылданды. Сол кездің өзінде-ақ қуғын-сүргінге ұшырағандардың туыстары мен жақындары айыпталғандарды ақтауды сұраған.

Г.Әбікенова XX ғасыр қазақ халқы үшін қиын-қыстау кезеңдерге толы болғанын атап өтті. Тарихшылардың пайымдауынша, саяси қуғын-сүргінмен жер аударылғандардың саны 103 мыңнан асқан, оның 25 мыңнан астамы атылып кеткен.

– Алматы қаласында бірнеше мұрағат бар. Олар – Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасы Президентінің архиві және Қазақстан Республикасы Ұлттық

қауіпсіздік комитетінің арнайы мемлекеттік архиві. Жазарыда айтылғандай, 1993 жылдың 14 сәуіріндегі шешімнен кейін бұл архивтерде арнайы комиссия жұмыс істеді. Көптеген азаматтың қуғын-сүргінге ұшырағанын толық растайтын құжаттары болғанымен, сол кездегі техникалық базаның қолжетімсіздігінен көбінің сауалына қанағаттанарлық жауаптар берілмеді деп есептейміз. Мысалы, Алматыдағы ауылында орналасқан Алматы облыстық архивінде 408 арнайы қор бар. Сол қорға XX партия съезінен кейін, яғни Сталиннің жеке басын айыптаудан кейінгі кезеңде көптеген адам туыстарын ақтау туралы арыз жазған, – дейді тарихшы.

Комиссия жұмысы аясында Алматы қаласындағы ғылыми-зерттеу тобының өкілдері 10–15 жылға өлім жазасына кесілген немесе сотталып, түрлі лагерьлерге айдалған азаматтардың ұрпақтарын іздестіру мақсатында арнайы жұмыстар жүргізуде. Жұмыстар барысында жеке тұлғалар анықталып, олардың құрметіне мемориалдық тақталар орнату немесе олар тұрған көшелерге атау беру сияқты іс-шаралар қарастырылуда. Қуғын-сүргінге ұшырағандардың шетелде жүрген ұрпақтарымен де байланыс орнатылып, арнайы кездесулер ұйымдас-тырылуда.

Сондай-ақ, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Алматы комиссиясының өкілдері биыл Қазақстандағы 1929–1931 жылдардағы көтеріліс туралы жинақ шығаруды жоспарлап отыр.



БАЙЫПТАМА

ҰЛТ РЕТІНДЕ ҰЙЫСУ

стратегиялық бағдарларға серпіліс беру үшін жақсы мүмкіндік

Биыл 4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күні мерекесі мен 5 маусым – жалпыхалықтық референдум өткізілген тарихи даталар қатар келді. Ел өміріндегі екі маңызды оқиғаның қатар келуінің ерекше символдық мәні бар. Бұл жүріп өткен жолымызды егжей-тегжейлі талдау арқылы болашақ стратегиялық бағдарларымызды бекемдеу үшін жақсы мүмкіндік.

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – Тәуелсіздігіміздің басты құндылықтары

Елтаңбамыз, Туымыз, Әнұранымыз – Тәуелсіздігіміздің басты құндылықтарының көрінісі, бейбітшіліктің, бірлік пен келісімнің, өсіп-өркендеудің белгісі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында ғана еліміздің мемлекеттік рәміздері туралы өзінің жаңа ой-толғауларын білдірді: «Біздің көк паспортымыз бен Көк байрағымыз – тарихымызбен астасқан және миллиондаған адамның жүрегінен орын алған бірегейлігіміздің нағыз символы. Біздің паспортымыз этникалық шығу тегіне, діни ұстанымына, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, адамды Қазақстан Республикасының азаматына тиесілі құқықтармен және міндеттермен толық қамтамасыз етеді. Біздің паспортымызды иелену халықаралық аренада беделді елдің азаматы болу және дүние жүзін кедергісіз шарлауға мүмкіндік алу, өзіңді қазіргі әлемнің ажырамас бөлшегі ретінде сезіну дегенді білдіреді. Демек, бұл – азаматтарымыз ардайым және барлық жерде өз мемлекетінің қорғауында болады деген сөз.

Өз кезегінде Көк байрағымыз – қасиетті тәуелсіздігіміз бен көпжасарлық мемлекеттілігіміздің жарқын белгісі. Туымыз ірі халықаралық спорт жарыстарында және басқа да сондай шараларда жоғары көтерілген сайын біздің бойымызды елімізге деген мақтаныш сезімі кернейді. Даңқты отандастарымызды – спортшыларымызды, мәдениет қайраткерлерімізді, ғалымдарымыз бен студенттерімізді, кәсіпкерлерімізді шыққан тегіне қарамастан, шетелде үнемі қазақтар деп атайды. Бұл – табиғи құбылыс. Солай болуға тиіс».

Қазақстанның барлық азаматы мемлекетіміздің өткеніне, бүгінгіне және болашағына, ұлтымыздың рәміздеріне және оның мәдени өзегіне қатысы бар екенін сезінуі керек. Өрбір отандасарымыздың бойынан шынайы патриотизмнің, жоғары азаматтық жауапкершіліктің, өз ісіне деген адалдықтың үлгісін көреміз. Дәл осы қасиеттер Жаңа, Әділетті Қазақстанды сәтті құрудың кепілі болып табылады.

ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ еліміздегі түбегейлі өзгерістер бастауы

Мемлекет басшысы осыдан бір жыл бұрын Конституцияға елдің саяси жүйесін түбегейлі өзгертетін толықтырулар енгізу туралы бастама көтерген болатын. Көп ұзамай өткен жылы 5 маусымда халқымыз өзінің тарихи таңдауын жасады. Ата Заңымызға енгізілетін өзгерістерді қолдап дауыс берді.

Бұл – 1995 жылғы Конституция қабылданғаннан кейінгі алғашқы референдум болды. Біз осы бастама көтерілген кезде ел тағдырын айқындайтын маңызды жолдың бастауында тұрдық. Мақсатымызды айқындап, нақты жоспар құрдық. Дәл осындай тарихи сәтте халықтың бірауыздан қолдау білдіруі өте маңызды болды.

Жалпыхалықтық референдум өткізілгеннен бері елімізде түбегейлі оң өзгерістер жасалды. Саяси жүйе жүйелі түрде трансформацияланды, мемлекеттік құрылымның жаңа әрі анағұрлым демократиялық үлгісі қалыптасты. Билік өкілеттіктерін Президенттен Парламентке, орталықтан өңірлерге дейін орталықсыздандыру жұмысы жүргізілді. Жеті жылдық мерзімге бір рет президенттікке сайлану туралы норма заңнамалық тұрғыда бекітілді. Мәжіліс пен мәслихаттарды қалыптастырудың аралас моделі енгізілді. Парламенттің бақылаушылық қызметі күшейтілді, заң шығару рәсімдері оңтайландырылды. Партияларды тіркеу процесі жеңілдетілді. Депутаттық мандатты қайтарып алу механизмі енгізілді. Облыстардың әкімдері мәслихат депутаттарының келісімімен баламалы негізде тағайындала бастады. Нәтижесінде азаматтардың елімізді басқаруға атсалысу мүмкіндігі айтарлықтай артты.

ӘКІМШІЛІК РЕФОРМА Әкімдер – мемлекеттің жергілікті жердегі өкілі


Қазіргі уақытта мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін кезек-кезеңімен орталықсыздандыру басталды. Үкіметтің 500-ге жуық функциясы министрліктерге берілді.

Әкімшілік реформаның екінші кезеңі басталды, ол функцияларды министрліктерден әкімдіктерге беруді көздейді. Шешімдерді жергілікті жерде, халыққа, олардың қажеттіліктеріне жақынырақ қабылдау қолға алынып жатыр. Біз қоғамды демократияландыру және билік құзыреттерін



төменге беру үдерісін одан әрі жалғастырудамыз. «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заңның қабылдануы бұл бағыттағы тағы бір маңызды қадам болмақ.

Сайлау жүйесіндегі жаңашылдықтардың, ауыл әкімдерін тікелей сайлауды енгізудің нәтижесінде азаматтар жергілікті билікке нақты ықпал ете алатын шынайы тетіктер пайда болды. Ауыл әкімдері күн сайын тұрғындардың мұң-мұқтажын тыңдап, мәселелерін шешеі. Сондықтан олар елімізде айрықша рөл атқарады. Ауыл әкімдерінің 64 пайызы жергілікті жұрттың тікелей сайлауымен қызметке келді. Мұны, шын мәнінде, зор жетістік деуге болады. Тұрғындардың мәселесін жедел әрі тиімді шешу үшін оларға көбірек мүмкіндік беріліп жатыр. Бұл жұмыс та жалғасын табады. Сонымен қатар, барлық деңгейдегі әкімдердің жұмысын жыл сайын бағалау жүйесі енгізіледі. Ал әкімдер – мемлекеттің жергілікті жердегі өкілі екені белгілі.



ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ Азаматтарды қабылдаудың бірыңғай орталығы құрылады

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» болу үшін азаматтармен тығыз қарым-қатынас орнату айрықша маңызды.

Мұның үлгісін Президенттің өзі және Президент Әкімшілігі көрсетіп отыр. Жаңа жылдан бері Президент Әкімшілігінің қоғамдық қабылдауында 811 адам болды. Соның 730-ы кестеден тыс, яғни табан астында жедел түрде қабылданған. Олардың арасында барлық аймақтың тұрғындары бар. Президенттің атына жазылған арыз-шағымдардың саны үш жылда екі есе өскен.

Бүгінде Президенттің тапсырмасымен Әкімшілік Үкіметпен бірлесіп, орталық мемлекеттік органдардың бірінші басшылары мен азаматтардың тікелей байланысының стандарттарын белгілейтін Бірыңғай Азаматтарды қабылдау орталығын іске қосуға дайындық үстінде. Әкімдер жер-жерлерде осындай жұмыстарды ұйымдастыруы керек. Халықпен байланыстың барлық жоғарыдан төмен атқарушылық сапасын Үкімет қамтамасыз етуі керек. Әдістеме мен бақылауды Президент Әкімшілігіне тапсырды.

Алдағы екі жылда пилоттық жоба ретінде аудан және

облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау өтеді. Конституциялық соттың құрылуы, Адам құқықтары жөніндегі уәкілге конституциялық мәртебе берілуі құқық қорғау саласын түбегейлі күшейтті. Қазір әлеуметтік салада жүйелі өзгерістер жасалып жатыр.

САЯСИ ЖАҢҒЫРУ: МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы нақты жұмыс істей бастады

Жуырда Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауы өтті. Үкімет қайта жасақталды. Осылайша ауқымды саяси өзгерістердің алғашқы кезеңі аяқталды деуге болады. Билік тармақтарының тепе-теңдігі орнықты. Енді еліміздегі қоғамдық-экономикалық қатынастарды қайта құру қолға алынды. Жұртшылық бұл реформаларға зор үміт артып отыр.

Реформалардың нәтижесінде елімізде көп нәрсе өзгерді. Мысалы, алғаш рет Премьер-Министрдің кандидатурасын сайлауда жеңіске жеткен партия ұсынды. Мұны саяси жаңғырудың тағы бір маңызды қадамы деуге болады. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы нақты жұмыс істей бастады. Саяси реформалар дамудың жаңа кезеңіне жол ашып берді. Экономиканы түбегейлі жаңғыртудың берік негізі қаланды.

Осы реформалардың барлығы, ең алдымен, мемлекеттілікті нығайтуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталды. Саяси реформалар бағдарламасы барлық этносты бір ұлтқа біріктірудің шынайы әрі тартымды жаңа платформасына айналды. Біз Әділетті Қазақстанды құрудың практикалық кезеңіне қадам бастық. Қоғамда жаңа идеялар, жаңа институттар, жаңа қоғамдық қатынастар белсенді қалыптасып келеді. Қоғам мен мемлекеттің бейнесін өзгертетін нағыз реформа дегеніміз – осы.

ЕЛ БОЛАШАҒЫНА ҚАТЫСТЫ БІР ҰСТАНЫМ Әділетті Қазақстанды құру ісіне бүкіл халықты жұмылдырған науқан

Бытырғы референдум және сайлау науқандары бірлігіміздің бекем екенін айқын көрсетті. Сондай-ақ, мемлекет пен қоғамның өзара сенімін нығайтты. Барша қазақстандықтардың ел болашағына қатысты ұстанымы бір екенін танытты.

Бір жылдың ішінде атқарылған жұмысқа зер салсақ, бытырғы референдумның тарихи маңызы зор екеніне көз жеткіземіз. Бұл Әділетті Қазақстанды құру ісіне бүкіл халықты жұмылдырған науқан болды. Бұл байыптамамыздың түйінін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты XXXII сессиясында сөйлеген сөзімен тұжырымдасақ: «Жұртымыз жауапты сәтте ұлт ретінде ұйыса алатынын көрсетті. Референдумның түпкі нәтижесі және халқымыздың басты жетістігі – осы». Осылайша Қазақстан өз геосаяси аймағында ауқымды өзгерістерді жүзеге асырып жатқан, демократияны арқау еткен реформалар жолына түскен бірден-бір елге айналды.

Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті Қазақстан тарихы
кафедрасының оқытушысы.





БӘРЕКЕЛДІ

ӘНҰРАН – БАЛДЫРҒАНДАР ЖҮРЕГІНДЕ

Әнұран – мемлекеттің басты рәміздерінің бірі. Гректің «gimno» сөзінен шыққан «гимн» термині «салтанатты ән» деген мағына береді. Әлемде қанша мемлекет болса, бәрінде өзінің Гимні бар. Ол мән-маңызы жоғары салтанатты іс-шараларда орындалады. Көтеретін жүгі ауыр.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

МІНЕ, БОЛАШАҚ!



Кішкентай Асылымның үлкен жүрегі

Әнұранды тіпті кішкентай бала-қайлар да жұдырықтай жүрегімен сезіне біледі. Олай дейтіміз, әлеуметтік желіден байқап жүрген болсаңыз, балабақшада болсын, үйде болсын, құлдыраңдап ойнап жүрген бала Әнұран естілгеннен кенеттен кілт тоқтай қалып, ойыншықтарын тастай салып, оң қолын

кеуде тұсына апарып, жан-тәнімен беріле қосыла шырқай жөнеледі.

Иә, ең қызығы сол, шаршап, қарны ашып, ұйқысы келіп, құлап қалып бір жерін ауыртып немесе еркелікпен үлкендерге құлақ аспай жылап отырған бүлдіршінге де ата-анасы тосыннан Әнұранды қойып қойса, бала орнынан атып тұрып, қолын жүрегіне апарып, былдырлап шырқай кетеді. Бұл – бала да болса оның жүрегіне бесігінен қонақтап алған патриоттық мөлдір сезім!

Алматыдағы «Шаттық» балабақшасындағы «Құлыншак» тобының тәрбиеленушісі 3 жастағы Асылым Тұңғатар да осы санаттан. Олар әр күнін тәрбиешісімен бірге Әнұранмен бастайды. Мәтініне толықтай тілі келмесе де, өз тілінде былдырлап орындап шығады, ең бастысы гимнге деген үлкен құрмет бар кішкентай жүректе.

Үйде де солай. Тыңдамай, тым еркелеп кетсе, әкесі ұялы телефонынан Әнұранымызды қоя қойса, теріс қарап бұртиып отырған Асылым орнынан атып тұрып, нәзік қолын кеудесіне апарып, шырқай жөнеледі. Баламысың деген! Осындай өрендер тұрғанда болашағымызға алаңдауға негіз жоқ.



меңгеруіне алғашында Галина Васильевна деген күтушісі ықпал етіпті. Содан бастап тілдерге деген ынтасы артқан. Бүгінде 23 тілде ән де салады. Галкин оған әңгіме арасында «Бәлкім, гимндерді де жатқа білетін боларсың?» деп сұрай салып еді, «Әрине, білемін» деді Антон. «Ендеше, Францияның гимнін айтып берші бізге» деп еді, сол тілде пырқай жөнелді бала.

– Ал Қазақстанның Әнұранын білесің бе? – деп сұрады Галкин.

– Білемін.

– Рас па? – деп әбден таңқалды тележүргізуші көзі шарасынан шыға.

– Әрине. Айтайын ба? – деді Антон аса сенімді үнмен. Сөйтті де, біздің Әнұранның бір шумақ, бір қайырмасын қазақша орындап шықты. Сүйкімді де білімді Антонның өнерін әлеуметтік желіден тамашалаған отандастарымыз оған «айналайын» деп алғысын жаудырып жатты.

Тақырыпқа орайы келіп тұрғанда айта кетейік, ресейлік «Лучше всех» балалар бағдарламасына бұған дейін біздің елден де, тіпті Алматыдан да бірнеше бала қатысқан. Мәселен, цирк өнерін меңгерген кішкентай артист Карина Махпирова, инста-аспаз атанған Рамина Алмас, есепке жүйрік Әли Байжігіт, авиация саласын қазірден шемішкеше шағатын Марк Усачев және тағы басқа да жеткіншектер қатысқан.

«АЛТЫН КҮН АСПАНЫ»

Шетелдік Антон біздің Гимнді жатқа біледі

Максим Галкин жүргізетін ресейлік «Лучше всех» балалар бағдарламасының сахнасына біздің Әнұранды жатқа білетін Антон Вакуленко деген шетелдік бала келді. 12 жаста. Денсаулығында кінәрат бар, бірақ өте білімді екен. 15 тіл біледі. Полиглот.

Оның көп тілді



БРИФИНГ

ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ ТАЛАПҚА САЙ БОЛУҒА ТИІС

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Алматының жазғы лагерлерінде балалардың уақыттарын қауіпсіз өткізуі қалай қамтамасыз етіледі?», «Балаларды сауықтыру мекемелеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар туралы» брифинг өтті.



Рая
ЕСКЕНДІР

Басқосуда сауықтыру ұйымдарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен балалардың лагерлердегі уақытты қауіпсіз өткізуі талқыланды. Оның жұмысына Алматы қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гауһар Қаткенова, қалалық Білім басқармасының тәрбие жұмысы және қосымша білім беру бөлімінің басшысы Жанар Сағындықова, Алматы қаласы Білім басқармасының Білім берудегі жаңа технологиялар қалалық ғылыми-әдістемелік орталығының тәрбие жұмысының жетекшісі Роза Ақмағамбетова және Медеу ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы, аға лейтенант Мағжан Есен қатысты.

Брифинг барысында Алматы аумағындағы «Юный Домостроитель», «Эдельвейс» және «Алматау» сауықтыру орталықтарының жазғы маусымға әзірлігі туралы жан-жақты айтылды. Биылғы жылы қала сыртындағы лагерлерде 6500-ден астам, ал мектеп жанындағы лагерлерде 30 мыңнан астам баланы сауықтыру жоспарланып отыр.

– Балалардың жазғы сауықтыру ұйымдарындағы тамақтану қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі өзекті күйінде қала береді. Өйткені, жаппай тамақтану мен ішек инфекцияларының туындауы қашанда санитариялық-эпидемиологиялық қауіп төндіреді. Жазғы мектеп демалысы жақындаған сайын жазғы сауықтыру лагерлерін, оның ішінде мектеп жанындағы жазғы алаңқайларды жазғы сауықтыру

маусымына дайындау мәселелерінің өзектілігі байқалады, – дейді Алматы қаласы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гауһар Қаткенова.

Маманның айтуынша, жұқпалы аурулардың алдын алу шараларының бірі – білікті және гигиеналық білікті қызметкерлерді жұмысқа тарту. Сонымен қатар, санитарлық талапқа сай, лагерь аумағы қоршалған болу керек. Нысандар таза ауызсу, ыстық су, кәріз желілері, жарықтандыру, желдету жүйелерімен толығымен қамтамасыз етілуі тиіс. Барлық үй-жайларда дезинфекциялық құралдарды қолдана отырып, күнделікті тазалық шаралары жүргізілуі керек. Лагерь жұмысы басталар алдында кеміргіштер мен жәндіктерге қарсы іс-шаралар жүргізілуі қажет. Сондай-ақ, нысандардың жиназдары мен жабдықтары балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы тиіс.

– Жазғы уақытта балалар тез өседі. Осыған байланысты балалар дұрыс тамақтанып, физиологиялық ерекшеліктерін қанағаттандыруы керек. Бұл объекті басшысы бекіткен перспективті мәзір жасауды көздейді. Құнарлылығы бойынша перспективті мәзірге енгізілген тағамдар балалар ағзасының энергия шығындарын толтыруы керек. Тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатын қабылдау олардың сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттар болған кезде жүзеге асырылады, – деп толықтырды спикер.

Объектінің жауапты адамдары тамақтандыру пунктіне қабылданған өнімнің сапасын, өнімді сақтау жағдайларын және мерзімдерінің сақталуын, тәуліктік үлгіні таңдау мен сақтаудың дұрыстығын, тағам дайындау технологиясының сақталуын, жеке қызметкерлер мен асхана кезекшілерінің



гигиеналық қағидаларды сақтауын тексереді. Дайын тағамды тарату медицина қызметкерінің дайын тағамдар сапасына органолептикалық бағалау жүргізуінен кейін жүзеге асырылуы тиіс.

Күн сайын ас блогында дайын өнімнің тәуліктік сынамасы алынуы керек. Медицина қызметкерлері балалардың сырқаттанушылығын азайтуға және денсаулығын жақсартуға бағытталған сауықтыру шараларының кешенді жоспарын жасау керек.

Сонымен қатар, үй-жайлардың, аумақтардың, суға түсу және спортпен айналысу орындарының дайындығын, балалардың денсаулығын динамикалық бақылауды, дене шынықтыру, сауықтыру, қызметкерлердің профилактикалық медициналық тексеруден уақытылы өтуін қадағалауы тиіс. Барлық қызметкерлердің жұмысқа қабылданғаны туралы белгісі бар жеке медициналық кітапшалары болуы міндетті. Сарапшы балалардың денсаулығы дұрыс

тендестірілген тамақтанумен, дұрыс ұйқы, дене шынықтыру және дұрыс ұйымдастырылған күнделікті күн тәртібіне тікелей байланысты екенін атап өтті.

«Жазғы демалыс – мектеп оқушылары үшін ерекше ықыласпен күтетін уақыт. Жыл бойы білім нәрімен сусындаған жас жеткіншек, жазғы демалыста сол жұмсаған күшінің орнын толтырып, денсаулығын нығайтып, ағзаны сауықтыру қажет. Сонымен қатар, жазғы демалыс мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана-сезімінің, дүниетанымының дамып, жетілу кезеңі. Сол себепті де, жазғы демалыста бала үшін денсаулығын нығайтуға қолайлы кез деп қарастырылып, оның дара тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау қажет. Жазғы демалыста бала уақытының көп бөлігін теледидар мен компьютердің алдында өткізбеу үшін ата-аналарға балаларын жазғы сауықтыру мекемелеріне жіберуге кеңес береміз», – деді спикер.



ЦИФРЛАНДЫРУ

МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАР

уақытты тиімді пайдалануға септеседі

Қазір мобильді қосымшалардың дәурені жүріп тұр. Автобус, жәрдемақы, жалақы, шәкіртақы, коммуналды төлемдер, электронды үкімет, бәрі-бәрін смартфоннан аламыз. Күнделікті қажетімізге қарай қолданамыз. Осыған орай, жиі пайдаланатын 10 үздік мобильді қосымшаны тізген едік.


Қазір технологияның дамуына көз ілеспейді. Күнде өзгеріс, күнде жаңалық. Бүгінде смартфонды түрлі мақсатта қолданамыз. Мәселен, билеттер сатып алуға, ақша аударымдарына, жарнама беруге және қарауға, паркінгте төлем жасауға, тіпті бағытты айқындауға да қажетті, таптырмас құрал болуда. Біздер келтірген барша атрибуттар біртіндеп сандық форматқа көшуде. Бұл, бір жағынан, заман талабы. Алматылықтар да өзінің диттеген мақсатына телефон қосымшаларын пайдаланып жүр. Күнделікті өмірде, қоғамдық көліктерде төлем жасаушылар, локация іздеушілер, дүкендерде онлайн сауда жасаушыларды жиі кездестіретін болдық. Демек, электронды қосымшаның дәурені басталды.

КӨМЕКШІ ҚҰРАЛҒА АЙНАЛДЫ

Күнделікті қарбалас ешқайда мойын бұрғызбайды. Таңнан кешке дейін жұмыстамыз. Мегаполисте жайбарақаттыққа салына алмаймыз. Уақытқа бағынамыз. Барып-келетін жердің баршасы өлшеулі. Артық қимылдауға мұрша жоқ. Кейде демалыс күндері де босаймыз. Сондықтан үйден шықпай шаруаны тындыруға мүмкіндік орнады.

Осы уақытқа дейін ғаламтордың адамзатқа кері қасиеттерін айтумен келдік. Дейтұрғанмен, таяқтың екінші ұшы бар. Сондықтан жаңа технологияның игі жақтарын қолданған дұрыс. Негізінен, АҚШ, Германия, Жапония, Корея, Қытай елдері өркениеттің ұшпағына әлдеқашан өрлеген. Бұдан Қазақстан да қалыс қалып жатқан жоқ. Тұрмысты оңайлатудың бірнеше форматын жасады. Небір аударым мен төлемдерді ешқайда аяқ баспай жасай беретін болдық. Ең негізгісі, ұялы телефон қолыңызда болса болғаны. Соңғы кездері біздің банк секторындағы электронды төлемдер Еуропа университеттерінде үлгі-өнеге ретінде оқытылатын көрінеді. Демек, еліміздің жаңа технологияны игерудегі, оның ішінде IT секторындағы үлесі артып барады деген сөз.

KASPI.KZ



Соңғы уақыттары халықтың ең көп қолданатын қосымшасына айналды. Бұл арқылы төлем қызметтерін онлайн жасауға мүмкіндік туды. Ешқайда бармай, үйде отырып аударымдар істей аласыз. Дәлірек, құрамына саяхат, аударымдар, төлемдер, банк, науқандар, т.б. қызметтер кіреді. Қала тіршілігінде «Сізге Kaspi бар ма?» деген сауалды жиі ұшырастырып жатамыз. Осы термин енгелі адамдар мүлдем басқа арнаға бұрылғандай. Тіпті, өздерімен бірге қолма-қол ақша ұстауды қоя бастады. Сондай-ақ, дәріханалар, сауда орталықтары, мейрамханаларда QR арқылы төлемдер жасалынатын болды.

2GIS

Бүгінде 2GIS-ті білмейтіндер некен-саяқ. Бұл сіздің сенімді серігіңізге айналды. Онлайн-навигатор, карта һәм анықтамалық. Бұнымен қаланы теңшеуге, көшелерді анықтауға, іздеген ғимарат, үй, кеңсе, спорттық нысан,



керек десеңіз, ескерткішке дейін тауып ала аласыз. Сонымен бірге, А нүктесінен Б нүктесіне дейінгі бағыт айқындалады. Аталған навигатор өзі әп-сәтте қажетті жолды және автобус, троллейбус, метроны бағдарлап береді. Қазіргі уақытта алматылықтар мен қала қонақтарына таптырмас жәрдемші құрал болып тұр.

TICKETON



Тіршілік бір орнында тұрмайды. ХХІ ғасырдың адамдары жаңа нәрсеге ынтық. Мейлінше уақытты үнемдеуге тырысады. Шаһарда бұрынғыдай қағаз түріндегі билетті алатындар азайды. Кассалардағы ұзын-сонар кезек ешкімге ыңғайлы емес екені анық. Барлығы электронды билеттер алуға құмар. Театр, музей, көрмелер, концерттер, т.с.с. көңіл көтеру орталықтарының жұмысы оңайланған. Барлық қызметтер бір қосымша ішіне кіреді. Сатып алынғаннан соң электронды почтанызға электронды билет келеді. Қажет болған жағдайда, қағаз нұсқада шығаруға болады.

CITYBUS

Алматы – 190-ға жуық автобус бағыты бар, жаяу жүргіншілерге арналған қала. Бұрынырақта тұрғындар қолдарына қойындөптер ұстайтын. Сөйтіп, керекті мекенжайды, оған баратын қоғамдық көлікті, бағытты жазатын. Бүгінде оның дәурені өткендей. CityBus бәрін алмастырды. Бұл қосымшадан қоғамдық көліктің қай аялдамада, қай көшеде келе жатқанын байқай аласыз. Сол арқылы топшылап, дәл уақытында отырып кетесіз. Сонымен қоса, кез келген маршруттың қозғалысын білесіз.



Бұл қосымша жолда жиі жүретін, уақытқа бағынған жандарға аса қажет. Үйде отырып, сіз мінетін қоғамдық көлік қай көшенің бойында екендігін бақылайсыз. Соған сәйкес аялдамаға қарай аяндайсыз. Кей уақыттары құр-босқа сарылып күтіп қалатын кезіміз болады. Бұл сондай келеңсіздіктің алдын алуға септеседі.

ONAY

Бұл бірегей транспорттық төлем жүйесі саналады. Бұған дейін электронды төлемдер термині таңсықтау еді. Содан кейін карточкалы төлем жүйесі енді. Бұны көптеген жолаушылар қолданады. Соңғы кездері телефондағы Опау қосымшасы шықты. Жастар жағы осыны көп тұтынады. Бар болғаны QR-ды төлем терминалына тақасаңыз, жолақыны автоматты түрді ажыратады.

«Оңай» – нағыз оңайға айналды. Бүгінгінің қолжетімді дүниесі болып тұр. Картасы да, электронды қосымшасы да бар. Метро, троллейбус, автобуска ыңғайланып жасалған. Егер қолыңызда «Оңай» болса, жолақы – 80 теңге. Кейде үйде ұмытып кетсеңіз немесе басқа жақтан келсеңіз – 150 теңге төлейсіз. Бұл, әсіресе, барша жоғары және орта оқу орындарына тиімді болуда. Бұл да жаңа заманның жетістігіне балаанады.



EGOV

eGov – электронды үкімет порталы екені белгілі. Азаматтардың барша құжаттамаларын оңай әрі тиімді жолмен алудың бірден-бір көзі. Пандемия кезінде электронды қызметке жүгінушілер қатары көбейді. Әсіресе, мүлік, соттылығы жоқ сынды, нарко-психологиялық анықтамаларды осы жерден жүктейсіз. Ең қажетті дегендері – жеке куәлік, диплом, т.б. қолжетімді.



ХҚКО-дағы ұзын-сонар кезектің де заманы түгесіліп барады. Сервистік қызметтердің баршасын осы платформадан табасыз. Нағыз электронды қызметтің үлгісі іспетті. Ең бастысы, қолдану ретін білсеңіз, қажет құжатты таба қоясыз. Бұл осындай қолжетімділіктерімен тиімді болып тұр.

OLX

Қалалықтардың ең тиімді қосымшасы. Мұның атқаратын функциясы да сан түрлі. Мұнда қажеттің бәрі бар. Нақтырақ: жұмыс іздеу, тауарларды сату, сатып алу, жалдамалы пәтерлер, жер телімдері – бәрі осында. Нағыз әмбебап қосымша.

Бүгінде бұл қосымшаны қолданбайтын жандар кемде-кем шығар. Бұрынғыдай басшылардың есігін тоздырмайды. Өзіне қажетті жұмысты іздейді, жарнама береді. Қысқасы, өзіңізге қажетті дүниені таба қоясыз. Бір сөзбен айтқанда, жоқ іздегендер табатын платформаға айналды.



ЯНДЕКС GO



Таксиді көшеден қол созып тоқтатуға әбден үйреніппіз. Ішіндегі жүргізушімен келісіп, барар мекенжайды айтуға үйреніппіз. Бұл бұрынырақтағы жаппай қолданыстағы әдет болатын. Бүгінде оның орнын «Яндекс» логотипімен жүрген машиналар басты. Қалада аталған сервис сұранысқа ие және қажеттілік тудыруда. Бұнымен тек қана такси ғана емес, сәлемдеме жеткізу, азық-түлік, мейрамханадан дайын тамаққа тапсырыс жасай аласыз.

Бір жерден екінші нысанаға бару кейде азап. Такси іздеп, сабылып кетеміз. Сондайда смартфонды ашып, қажеттіні табасыз. Бағасын қарайсыз. Мұны көлігі бар үш адамның екеуі қолданатын шығар. Сол тұсымен де көмекші, жәрдемшінің қызметін атқарып тұр.

NAIMI.KZ



Бұл – тұрмыстық техникаларға тапсырыс беруге арналған. Бұдан керекті шеберлерді тез табуға болады. Сонымен қатар, келесі сервистер қолжетімді. Құрамына: құрылыс, жүк тасу, жеткізу, техникалық жөндеу жұмыстары және тағы да басқалар кіреді.

Біз де мұндай қосымша жаңадан шығып жатыр. Көпке беймәлімдеу болса да, енді-енді жанданып келеді. Осының өзі тұрмыс қажетін өтеу үшін ойлап табылған құрылғының қатарында тұрады.

KOLESA.KZ

Автоарыққа қызығушылар үшін таптырмас іздеуші және жарнамалап, сатуға қолайлы электронды жүйе. Онлайн-сервисте көліктің жай-күйі, ахуалы, жағдайы көрсетіледі. Машинаның мінездемесіне, суретіне қарап ақпараттармен танысып шығасыз. Осыдан кейін ұнаса, келесі қадамдарға баруыңызға болады.



Әрбіріміз жеке көлігіміз болса деп армандаймыз. Ку тірліктен қол үзіп, арасында осы қосымшаны қараймыз. Жанымызға қажеттінің бәрі бар. 5–10%-ын төлеп, 5 жылға дейін несиеге көлік алуға болады. Баяғыдай толық төлем жасау кейбіреудің қалтасына ауыр тиеді. Осындайда аталмыш қосымшаның тигізер кәделі тұсы зор.

Әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



КУРЕС

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА

Азия чемпионатының жеңімпазы атанды

Өзбекстанның Жизақ қаласында қазақ күресінен ересектер арасында Азия чемпионаты өтті. Онда 11 елден келген 100-ден астам спортшы бақ сынасты.



Чемпионаттың ашылу салтанатында Qazaq Kuresi ассоциациясының бас директоры Ерлан Естек Жизақ төріндегі жарыстың маңызына тоқталып, балуандарға сәттілік тіледі.

«Қазақ күресі – ұлттық спорт түрлерінің ішінде өзіндік орны бар төл күресіміз. Қазіргі уақытта әлемнің бірнеше мемлекетінде қазақ күресінен федерациялар құрылып, жүйелі жұмыс атқарылып жатыр. Өздеріңізге белгілі, асыл күресіміз – қазақ күресінен Әлем, Азия және Еуропа чемпионаттары өткізіліп, дамудың жаңа деңгейіне көтерілді. Міне, бүгін Өзбекстанда ересектер арасындағы қазақ күресінен Азия чемпионаты өтуде. Бұл іс-шаралардың барлығы бұқара халық арасында салауатты өмір салтын насихаттауға, спорттық дәстүр мен әдет-ғұрыптарды сақтауға өзіндік зор үлесін қосуда. Аталған бағыттардағы жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табады», – деді Ерлан Естек.

Оның айтуынша, қазақ күресін кең насихаттау мақсатында шетелде 50-ден астам Qazaq Kuresi федерациясы жұмыс істейді. Бүгінде елімізде осы спорт түрімен 120 мыңнан астам жас шұғылданады. Ал елімізде жыл сайын түрлі деңгейде 800-ден

астам жарыс өткізіледі. Сонымен бірге, халықаралық деңгейде Азия кубогы, Азия және Әлем чемпионаттары секілді турнирлер көпшіліктің көңілінен шығып жатыр.

Спорттық додаға ең мықты спортшылар қатысты. Олардың арасында қазақ күресімен қоса, басқа да күрес түрлерінен халықаралық жарыстарда жүлде алып жүрген спортшылар бар. Еліміздегі ұлттық спорт түрін дамыту және қолдау мақсатында ұйымдастырылған күрес бәсекесі тартысқа толы болғаны сөзсіз. Ал жарыс қорытындысында, Ернұр Сүлеймен (60 келі), Жұмажан Қожамбеков (74 келі), Марат Байқамұров (100 келі), Нұрдәулет Жарылғапов (+100 келі), Аружан Адамхан (52 келі), Рауза Нұрмахамбетова (56 келі),

Роза Нысантайқызы (70 келі), Альбина Бақиева (+77 келі) алтын медальға ие болды. Дәулет Ниятбай (55 келі), Аяна Зейноллақызы (48 келі) мен Зарина Сарипова (65 келі) екінші болса, ал Айдын Дартаев (82 келі), Гүлім Елубай (60 келі), Асылхан Ғайсаева (66 келі) және Аяла Мереке (77 келі) үздік үштікті еншіледі.

Ұлттық құрама өкілдері жалпыкомандалық есепте бірінші орынға ие болды. Есеп төмендегідей: I орын – Қазақстан (8 алтын, 3 күміс, 4 қола), II орын – Өзбекстан (7 алтын, 4 күміс, 4 қола), III орын – Тәжікстан (1 алтын, 5 күміс, 1 қола) алды. Жарыс барысында мерейі үстем болған жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен, медальдармен және ақшалай сертификатпен марапатталды.

БӘРЕКЕЛДІ!

Халықаралық Қазан марафонының жеңімпазы – Данияр Орманғали. Биылғы Қазан додасына дүние жүзінің 16 мемлекетінен 11 566 адам қатысты. Жүйріктер 3, 10, 21,1, 42 шақырым қашықтықтарда сынға түсті.

ДАНИЯР ОРМАНҒАЛИ

Қазан марафонының жүлдегері

42 шақырым, 195 метрлік аламанды 1700 желаяқ бақ сынады. Ресейдің 80 аймағынан және әлемнің әр қиырынан жиналған кеудесі желкөріктей жүйріктердің арасынан қазақ жігітінің топ жарғаны – ұлтымыз үшін зор мәртебе. Данияр 2 сағат 25 минут 53 секунд нәтижемен екінші орындағы қарсыласын екі минутқа артқа тастады.

23 жастағы Данияр – жеңіл атлетикадан Қазақстан Республикасының ұлттық құрамасының мүшесі, бірнеше мәрте чемпионы, Еуразия ойындарының және Орталық Азияның жеңімпазы. Халықаралық марафондарда топ жарып жүрген саңлақ. Марафонда Ресейдің Перм аймағынан келген 85 жастағы Мухариям Ямбулатов 10 шақырымға жүгірді.



ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГ



ЕЛЕНА РЫБАКИНА – ҮЗДІК ҮШТІКТЕ

«Ролан Гаррос» жарысын сәтті бастаған қазақстандық теннисші Елена Рыбакина WTA рейтингінде жоғарылады. Рейтингтің live-нұсқасында Рыбакина төртінші орыннан үшінші сатыға көтерілді. Сондай-ақ, кестеде көшбасшы өзгерді – бірінші орынға Беларусь өкілі Арина Соболенко шығып, польшалық Ига Швентекті екінші сатыға ығыстырды.

Мұндай өзгерістер ойыншыларға былтырғы «Ролан Гаррос» жарысының рейтинг ұпайлары есептелгенімен байланысты болды. Дегенмен, WTA рейтингісінің қорытынды нұсқасы Франция ашық чемпионаты аяқталғаннан кейін жарияланады және теннисшілердің қорытынды орны олардың турнирде қалай өнер көрсететініне байланысты болады.

Елена Рыбакина «Ролан Гарростағы» алғашқы матчында 16 жастағы Чехия өкілі Бренда Фрухвиртованы 6:4, 6:2 жеңгенін еске сала кетейік. Қазақстанның бірінші ракеткасы екінші айналымда тағы бір чех спортшысы Линда Носковамен кездеседі.

ҚҰРМЕТ

ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Әлем чемпионатында жүлдегер атанған боксшылар сыйақы алды



Алматыда бокстан ерлер мен әйелдер арасындағы Әлем чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсімі өтті. Спортшылар мен бапкерлер Қазақстан бокс федерациясының президенті Кеңес Рақышевтың жеке қаржысынан ақшалай сертификат алды.

Ташкентте Әлем чемпионы атанған Санжар Тәшкенбай, Махмұд Сабырхан, Асланбек Шымбергенов және Нұрбек Оралбай 100 мың АҚШ долларымен марапатталса, күміс жүлдегер Дулат Бекбауовқа 50 мың АҚШ доллары берілді. Сонымен қатар, Рақышев мырза Дулатқа қымбат швейцар сағатын да сыйлады. Нью-Делиде өткен әлем біріншілігінің финалистері Карина Ибрагимова мен Ляззат Күнгейбаева отандық бокс басшысынан 30 мың АҚШ долларын алды. Қола жүлдегерлер: Алуа Балқыбекова, Валентина Хальзова және Фариза Шолтай 10 мың АҚШ доллары көлеміндегі сыйға ие болды.

Ұлттық құраманың жеңіске жетуіне зор үлес қосып жүрген команда өкілдері – бапкерлік құрам, кеңесшілер, кешенді ғылыми топ мүшелері де назардан тыс қалмады. Штаттағы жаттықтырушылар мен жеке бапкерлер, дәрігерлер, массаж жасаушылар және басқа мамандар 1 мыңнан 15 мың АҚШ долларына дейін сыйақы алды.

«Әлем чемпионаты кезінде бізге ыстық қолдау көрсеткен бүкіл Қазақстан халқына тағы да алғыс айтамын. Федерация, команда үшін бұл – үлкен мәртебе. Біз әрқашан сенімді ақтауға тырысамыз. Қазір Қазақстан құрамасы әлемдік бокс рейтингінде көш бастап тұр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев чемпиондарымызды алғашқылардың бірі болып құттықтады. Елге оралғаннан кейін боксшыларды Ақордада қабылдап, марапаттады. Бұл еңбегіміздің еленгенін, бағаланғанын білдіреді. Бүгінгі іс-шарамыз ерекше екенін айтып өтейін. Өйткені, біз спортшылар мен бапкерлерді ғана емес, алғашқы рет чемпиондарымыздың аналарын да марапаттап отырмыз. Бұдан былай бұл дәстүрге енеді деп ойлаймын. Алып анадан туады, сондықтан аналарымызға үлкен алғыс айтамын», – деді құттықтау сөзінде Кеңес Рақышев.

Әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ХАЙ-ТЭК

ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ КӨМЕКШІСІ

Жасанды интеллектпен жұмыс істейтін медициналық чат-бот пайда болды

Медициналық чат – бұл денсаулық сақтау мамандарының күнделікті жұмысына көмектесу үшін арнайы әзірленген озық жасанды интеллект чат-боты.

GPT (Generative Pre-trained Transformer) технологиясымен жұмыс істейтін бұл чат-бот күрделі медициналық сұрақтарға бірнеше секунд ішінде нақты жауаптар беру үшін оқытылған.

БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:

- AI-мен жұмыс істейтін медициналық чат-бот: күрделі медициналық сұрақтарға нақты жауаптар беру үшін GPT технологиясын пайдаланады.
- денсаулық сақтау мамандарына көмек: денсаулық сақтау мамандарына олардың күнделікті жұмысында және диагностика процесінде қолдау көрсетуге арналған.
- дәрігерді жан-жақты іздеу: жанама әсерлерді, бақылау факторларын және сақтық шараларын қоса алғанда, дәрігердің кең ауқымы туралы толық ақпарат береді.
- күрделі AI моделі: медициналық білімнің жоғары деңгейін және тереңдігін қамтамасыз ету үшін мұқият дайындалған.
- уақытты тиімді пайдаланатын медициналық ақпарат: медициналық тәжірибенің тиімділігін арттыра отырып, медициналық ақпаратқа жылдам қол жеткізуге мүмкіндік береді.



- пациенттерді оқыту: медицина мамандарына арнайы білімі жоқ пациенттерге түсінікті жауаптар беруге көмектеседі.
- консультацияға арналған ескерту: жеке медициналық кеңес алу үшін білікті медициналық қызмет көрсетушілерден кеңес алудың маңыздылығын атап көрсетеді.

КІМДЕРГЕ ПАЙДАЛЫ:

- Дәл және нақты медициналық ақпаратты тез іздейтін медицина мамандарына;

дереккөздерді де береді.

Әзірлеген
Мейіржан ӘУЕЛХАНҰЛЫ,
журналист, IT маман.



ЕҢБЕК АДАМЫ

ТӘУЛІК БОЙЫ САПТА

Есірткіге, ішімдікке, құмар ойынға тәуелді науқастармен жұмыс істейтін медбикелер көтеріп жүрген жүк қандай?

Психикалық аурулар меңдеген, есірткіге, алкогольді сусындарға, құмар ойынға байланып қалған науқастармен жұмыс істейтін медбикелердің қызметі жайлы көп айтыла бермейді. Ал шын мәнінде, жүйкесі жұқарған, мінез-құлқы өзгерген пациенттердің көңілін, тілін таба жүріп, шипасын дарытып, есін жиғызуда көмектесіп, тәулік бойы сол жандардың денсаулығын күзетіп жүрген мейіргер қыз-келіншектердің еңбегі тау қопарғанмен бірдей.



**Нұржамал
ӘЛШЕВА**

Ащы суға тойып алып немесе есірткінің уына елітіп, кейде күш көрсетіп, түрлі ғайбат сөздер айтып, балағаттайтын адамдардан өз туысқаны безіп, мезі болып жатқанда, маскүнем, нашақордың жанынан табылатын сол медбикелер. Алматыда орналасқан Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталықтың баспасөз қызметі бізге сондай ізгі жанды медбикелермен сұхбаттасуға мүмкіндік жасаған еді. Осы мекемеде табан аудармай отыз жылға жуық еңбек етіп келе жатқан мейіргерлердің айтуынша, жас та, жасамыс та, атағы дүркіреген танымал тұлға да, заңгерлер, журналистер, тіпті «Болашақ» бағдарлама-сымен шетелде білім алған қыз-келіншектер де бұл орталықта емделген.

Қамар САМАЛБЕКҚЫЗЫ,
бас медбике:

**«БІЗГЕ ҚАЛҒЫП КЕТУГЕ
БОЛМАЙДЫ»**

Біздің орталықта емделушілермен жұмыс істеудің өзге медициналық ұйымдармен салыстырғанда тәртіп, ережесінде өзгешеліктер бар. Медбикелер психикалық кеселге шалдыққан науқастың оғаш, жат қылықтарын түсініп, оған көмек берудің бүге-шігесін білуі керек. Әр науқаспен мұқият жұмыс істеу

қажет. Пациенттің әр сөзіне назар аударуға міндетті. Өйткені, кейбір психикалық аурулардың суицидке баруы ықтимал. Күйзеліс, маникалды депрессивті психоз дертімен ауыратын науқастар да бар. Олар ән айтып, бәріне көмектесіп жүреді де, кенеттен сізді ұрып жіберуі, күтпеген жерден оқыс әрекетке баруы мүмкін. Олардың ойлау қабілеті жылдам. Сондықтан мейірбике әрқашан өзінің қауіпсіздігі үшін қорғануға машықтануы керек. Жалпы, медбикелерге өзінің де, науқастардың да қауіпсіздігі үшін 24 сағат бойы ұйықтауға болмайды. Біздің орталықтың өзге клиникалардан ерекшелігі – мейірбикелер науқастың дәрісін, тамағын береді. Өйткені, біздің емделушілер дәріні өз бетінше ішпейді. Кейде жас мамандар мұндай жұмысқа шыдамай кетіп қалып жатады. Дегенмен, мейірбике мамандығын тандаған адам ең алдымен мейірімді болуы керек.

Шынар ҚҰЛЖАБЕКОВА,
аға медбике:

**«СЕРІГІМІЗ – ШЫДАМ
МЕН САБЫР»**

Біздің бөлімде ерлер мен әйелдер емделеді. Өкінішке қарай, басым бөлігі әлі аузынан ана сүті кетпеген жастар. 18–35 жастағы жігіттер синтетикалық есірткіге үйір. Арасында героинге тәуелділері де бар. Біз олардың әрбір қимылын, психикалық жағдайын кірпік қақпай бақылап, дұрыс ем тағайындауы үшін дәрігерге толық ақпарат беріп отырамыз. Есірткі заттарына құмар

жандармен жұмыс істеу өте қиын. Олардың мінезі мың құбылады, талапшыл, бойын кернеген құмарлық қоздырып, естен тандыратын есірткіні іздеп, соған қол жеткізуді көздеп түрлі айла, амалдар жасайды. Өкінішке орай, емделушілердің басым бөлігі қазақтың қарақөз келіншектері. Күйеуімен көңілі жараспаған, басына түскен қиындықтардан құтылу үшін ащы су ішіп, ақ ұнтақты тұтынып, соның тұтқынына айналғандар.

Біздің орталықта еңбек етуге бел буған мейірбикелерге боянуға, әдемі әшекей заттарды тағып келуге және ашық түсті киім киюге, шашты жайып, тырнағын да бояп жүруге болмайды. Тап-тұйнақтай болып, жүзіңізден жанашырлық сезімі, тіліңізден жылы сөз төгіліп тұруға тиіс. Науқас қандай әбестік жасаса да, оған дауыс көтермей, бәрін салқын ақылмен, сабырмен шеше білетін медбике, міне, нағыз маман.

Фатима ТҰРДАҚЫНҚЫЗЫ,
аға медбике:

**«ОЛАР СІЗДІҢ ҚОЛДАУЫҢЫЗДЫ
СЕЗІНУІ КЕРЕК»**

Орталықта 25 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Бұған дейін перзентханада 15 жыл еңбек еткен. Екі мекеменің айырмашылығы жер мен көктей. Ауруы қозып, дерті дінкелеткен адам біздің орталықтың табалдырығын аттағаннан сіздің қолдауыңызды сезінуі керек. Бірде біздің бөлімге қатты психозбен жас қыз түсті. Үйін астаң-кестең қылған. Тыныштандыруға ешкімнің күші жетпеген, дес бермеген. Сонымен, бізге келгенде оның жағдайынан адам шошитын күйде еді. Ондай кезде біздің меңгерген өзіндік әдіс-тәсілдеріміз бар. Соның өзінде



әлгі бойжеткен екі әріптесімді мұрттай ұшырды. Мұндай кезде дәрігерлер дәрі егіп, тыныштандырады. Ал суицид жасауға оқталғандарды он күн бойы қатаң бақылауда ұстаймыз. Ізінен қалмай, көңіл-күйін, ішіп-жегенін аңдып жүреміз. Мен өз мамандығымды жақсы көремін. Сондықтан да қандай деңгейдегі науқас болмасын, бәрімен жақсы қарым-қатынас орнатуды меңгердім. Өрине, күні бойғы жиналған эмоционалды ауыр әсерлерімді, зілдей жүкті үйге жеткенше ұмытуға тырысамын.

ТҮЙІН

Қазір Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығында 160-қа жуық науқас емделіп жатыр. Оларға білікті дәрігерлер, өз кәсібіне адал медбикелер күндіз-түні медициналық көмек көрсетіп жатыр. Бәрінің мақсаты бір – есірткіге, ішімдікке, құмар ойынға тәуелді жандарды адам қатарына қосу.



ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ

ПРЕЗИДЕНТ

БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ПАРЫЗ

Жазықсыз жапа шеккен боздақтарды ақтау ісін жалғастыру – өте маңызды мәселе

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай Twitter-де арнайы жазба жариялады.



– Біз бүгін саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске аламыз. Тоталитаризмнің бұл қырғыны халқымызға орасан зор қасірет әкелді. Тарихымыздың қайғылы кезеңдерін терең зерделеп, жазықсыз жапа шеккен боздақтарды ақтау ісін жалғастыру – өте маңызды мәселе, – деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев Twitter-де.

Президенттің тұжырымдауынша, азалы күндерден сабақ алып, мұндай нәубеттің келешекте қайталануына жол бермеу – баршамызға ортақ парыз. Біз ауыр сынаққа төтеп берген, ұлт бірлігін сақтап қалған және асыл қасиеттерін жоғалтпаған ата-бабамыздың үмітін ақтауымыз қажет.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



БАБАЛАР РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Алматылықтар саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алды

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні 1931–1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Кеше Наурызбай батыр көшесі бойында орналасқан «Қарағайлы» саябағында зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері, қуғын-сүргінге ұшыраған жандардың

минут үнсіздікпен еске алып, мемориалға гүл шоқтарын қойды.

Жиналғандар бүгінгі таңда тарихтың ақтандық беттерін ұмытпау, Қазақстанның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін қандай құрбандықтың болғанын және оларды ұлықтау қаншалықты маңызды екенін атап өтті.

Қаралы жиында сөз сөйлеген Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлқенов ұлт бірлігін сақтап, елі үшін жанын қиған ата-бабаларын бүгінгі ұрпақ ұмытпауы керек екенін айтты.

– Қадірлі ағайын, құрметті қауым! Мынау біз тұрған жердің арғы бетінде КГБ-ның үлкен ғимараты бар. Сол ғимараттың жертелесінде 1937 жылы біздің боздақта-

Қазақ деп өтті. Қазаққа болсын деп өтті. Алматыға жақын «Жаңалық» деген ауыл бар. Сол «Жаңалықта» бірінші рет 19 адамды желкесінен атып өлтірген. Содан кейін ол жер бүкіл қазақ интеллигенциясының құрбандыққа шалынатын жері болған.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бастап сол жазықсыз құрбандарды аза тұтып келеміз. «Жаңалықтағы» ашылған музей, сол жердегі мешіт қазақ халқы үшін 31 мамырда барып тәу ететін жері. Мектеп оқушылары мен студенттер сол жерде ата-бабаларының жатқанын ұмытпауы керек. Қазір мына жерде Жүргенов, Сейфуллиндердің жүрегі лүпілдеп соғып тұрған сияқты, төбемізден олардың рухтары қарап тұрған сияқты... Бұл күн ешқашан ұмытпайтын, көңілден таса етпейтін, кейінгі ұрпақ

астам адам атылды. Айта кетейік, саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні Қазақстанда 1997 жылдан бері аталып келеді. Қуғын-сүргіннен Қазақстанның көрнекті ғылым және мәдениет қайраткерлері – Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин және басқалар құрбан болды.

Бұл күндері қалада түрлі естелік іс-шаралар, соның ішінде «дөңгелек үстелдер» форматындағы конференциялар, тарихи-ағартушылық дәрістер, театрландырылған қойылымдар, кітапханалардағы фото және кітап көрмелері, жастардың зиялы қауым өкілдерімен жездесулері және т.б. ұйымдастырылады.



туыстары мен жақындары және жастардың қатысуымен жазықсыз жала құрбандарын еске алуға арналған іс-шара өтті.

Іс-шарада қуғын-сүргінге ұшырағандарға арнап Құран бағышталды. Одан кейін жазықсыз жала жабылғандарды бір

рымыздың бәрі жауапқа тартылып, жазықсыз жапа шеккен. Осы көшемен келе жатқанда әрбір қазақтың арқасы мұздау керек. Өйткені, біздің бүкіл элитамыз, мықты идеологтарымыз, зиялы азаматтарымыз 40-қа жетер-жетпес жасында өмірден өтті.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ұмытпайтын күн, – деді ол.

Түрлі мәліметтер бойынша, өткен ғасырдың 30-жылдарының басында 3 млн-ға жуық қазақстандық жаппай ашаршылықтың құрбаны болды. 100 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырады. 25 мыңнан

Саяси қуғын-сүргін мыңдаған жазықсыз адамдардың қаны мен көз жасына суарылған тарихымыздың шерлі беттерінің бірі. Естеліктері ешқашан ескірмейтін бұл күнді алматылық жұртшылық ескерусіз қалдырған жоқ. Оған дәлел – қаланың барлық аудандарында өткен іс-шаралар. Алматылықтар Т.Рысқұлов, М.Тынышпаев, Т.Жүргенов, А.Байтұрсынов, О.Жандосов ескерткіштеріне, сондай-ақ, «Қандысай жазығы» ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, қаза болғандарды еске алды.

Ұлт қайраткерлерінің есімін ұлықтап, шығармаларын жан-жақты насихаттау мақсатында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы «Тарихқа тағзым» атты концерт ұйымдастырды. Концерттік бағдарламада тақырыпқа сай әндер орындалды.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«ЖАРҚАНАТ»

Өтетін орны: Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театры.
Күні мен уақыты: 2 маусым, сағат 19.00.
Жас санаты: 5+.



Өтетін орны: Алматы циркі.
Күні мен уақыты: 3 маусым, сағат 16.00.
Жас санаты: 4 жасқа дейінгі балаларға кіру тегін, бірақ орын ұсынылмайды.

«EXCENTRIKO»



«ҚОЖАНАСЫР ТІРІ ЕКЕН...»

Өтетін орны: М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театры.
Күні мен уақыты: 3 маусым, сағат 18.30.
Жанр: екі бөлімді музыкалық комедия.



ДЕРЕК ЖӘНЕ ДӘЙЕК

БАР ЖАҚСЫЛЫҚ – БАЛАЛАРҒА!

Сіз бұл мерекенің тарихын білесіз бе?

Жаздың алғашқы айы Халықаралық Балаларды қорғау күнімен басталады. Әрине, бұл мерекенің балалар үшін орны ерекше. Оның себебі, мереке таңғажайып оқиғаларға толы. Нағыз ертегі әлемі дерсіз. Балалық шақтағы ең есте қалатын мереке де осы – Балаларды қорғау күні. Содан да болар, балалар жаңа жылды күткендей, бұл мерекені де сағына тосады. Бұл күні қала халқы түгел көшеге шығып, айнала бала жетектеген адамға толып кетеді. Көлік те, кептеліс те көп. Бұл тек біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлемде осылай тойланады. Өйткені, кіршіксіз періштелер осындай құрметке лайықты! Сіз мерекенің тарихын білесіз бе?



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.



Рая
ЕСКЕНДІР

Осыдан біраз жыл бұрын, дәлірегі 1949 жылдың қараша айында Парижде Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясы өтіп, баланың құқығы мен болашағы туралы кеңінен сөз болады. Әсіресе, балаларға арналған мерекені белгілеуге Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемнің әртүрлі елдеріндегі кемелетке толмағандардың жағдайының өте ауыр болуы да себеп болады. Балалардың көпшілігі ата-анасынан, баспанасынан айырылды. Кішкентай қылмыскерлердің қатары көбейіп, көше жағалап, қайыр сұрады. Ересектері ұрлық жасаумен айналысты. Балалардың көбі аштықтан, енді біразы аурудан көз жұмды. Әрине, балалардың басына түскен мұндай жағдай қамқор жандардың жүрегін ауыртқаны анық еді. Ұзаққа созылған пікірталастың соңы, ақыры нақты нәтижемен аяқталды. Сессия соңында Балаларды қорғау күнін белгілеу туралы шешім қабылданады. Осылайша нақты күні белгіленген мереке алғаш рет, яғни 1950 жылы әлемнің 51 елінде тойлана бастайды. Содан күні бүгінге дейін бұл мерекені әлемнің 60-тан астам елі атап өтеді. Халықаралық Балаларды қорғау күнінің тағы бір ерекшелігі – өзіндік туының болуы. Мәселен, жасыл кенепте

бейнеленген бес түрлі адам (қызыл, көк, қара, ақ және сары) планетамызды білдіретін символдың айналасында орналасқан. Бұл, әрине, жер бетінде тұрып жатқан адамдар әртүрлі болса да, олардың бірлігінің ортақ екенін білдіреді.

Енді бір мәліметте 1925 жылдың 1 маусымында жас ұрпаққа арналған мереке идеясының дүниеге келгені айтылады. Бұған түрткі болған Қытайдың Сан-Францискодағы бас консулы өзі

тұрған қаладан Америка Құрама Штаттарына Орта Патшалықтан келген жетім балаларды тауып алып, оларға мерекелік іс-шаралар ұйымдастырғаны себеп болған деседі. Жаздың басталуын бейнелейтін Қытайдың ұлттық мерекесі Дуанву, яғни «Айдаһар қайықтар фестивалі» Дүниежүзілік қауымдастыққа ерекше әсер етіп, қатты ұнайды. Осынау оқиғаның өзі балаларға арналған ерекше мерекені белгілеу идеясының дүниеге келуіне ықпал

еткен көрінеді. Сонымен қатар, дәл осы жылы 1 маусымда Женевада бірінші халықаралық конференция өтіп, онда балалардың проблемалары талқыланды. Бұл да өз кезегінде Балаларды қорғау күнін мерекелеуге себепкер болса керек.

Енді 1959 жылға оралайық. Балаларды қорғау күнін құру идеясын БҰҰ жоғары бағалады. Ал 1989 жылға қарай дүниежүзілік ұйым Бала құқықтарының Декларациясын дайындап,

бірінші халықаралық құқықтық құжат – Бала құқықтары туралы конвенцияны енгізді. Кеңес Одағының Жоғарғы Кеңесі бұл құжатқа 1990 жылы қол қойып, ол екі айдан кейін күшіне енді. Сонымен, жыл сайын 1 маусымда әлемнің көптеген қалаларында Балаларды қорғау күніне арнап түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Мәселен, балалар шығармашылық топтарының қойылымдары, концерттер, спорттық жарыстар, балалар суреттерінің көрмелері, басқа да байқаулар. Қала көшелерінде тәтті балмұздақтар, түрлі шарлар мен сыйлықтар таратылады. Қысқасы, бұл күні ата-ана баласын қуанту үшін барлық жағдайды жасаса, мемлекет тарапынан да дәл сондай жағдай жасалады.

1 маусымда еліміздің телеарналары балаларға арналған бағдарламалар, фильмдер мен мультфильмдер көрсетеді. Қалалық әкімшілік, Білім басқармасы, басқа да ұйымдар әртүрлі қайырымдылық шаралар мен концерттер ұйымдастыруы дәстүрге айналған. Көптеген іс-шаралардан түскен қаражат балалар үйлері мен ауруханаларға жіберіледі.

Біздің елімізде де балалар мемлекет қамқорлығында. Олардың еркін өсіп, оқып, білім алуына барлық жағдай жасалған. Мемлекет басшысының 2022 жылды балаларға арнауының өзі біздің елімізде кішкентай тұрғындардың басты құндылық екенінің айғағы.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

НЕ?

СУРЕТ САБАҒЫ



Өтетін орны:
«Алма»
шығармашылық
академиясы.
(Айманов к-сі,
126-үй, 405-кеңсе).
Күні мен уақыты:
3 маусым, сағат 10.00
және 11.15.
Жас санаты:
6–9 жас аралығы.

ҚАЙДА?



ҚАСҚЫР МЕН ЖЕТІ ЛАҚ

Өтетін орны: Мемлекеттік
куыршақ театры.
Күні мен уақыты: 4 маусым,
сағат 16.00.
Жас санаты: 3+.

ҚАШАН?



«ОЯН, ҚАЛЫҢДЫҚ!»

Өтетін орны: F.Мүсірепов
атындағы балалар мен
жасөспірімдер театры.
Күні мен уақыты: 4 маусым,
сағат 18.30.
Жас санаты: 18+.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

ДҮЙСЕНБІ
5 МАУСЫМ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
6.50 Телехикая
7.45 Жаңалықтар/Новости
8.00 Таңғы студия
10.00 Алматы со вкусом
10.15 Мультфильмы
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан
12.40 Үздік әзілдер
13.30 Телехикая
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский кино клуб
17.00 Женский кино клуб
18.00 Шешімі бар
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Махаббат деген...»
21.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер»
22.00 Мужское кино
0.00 Телехикая
1.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
2.00 Шешімі бар
2.45 Өмір иірімі
3.25 Дала сазы
3.50 Алматы тұнған тарих
4.15 Алматинские истории
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Күй-керуен»
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Жазықсыз жүрек». Телехикая.
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Біздің сынып». Телехикая. (с субтитрами)
14.20 «Дара». Ұлттық білім бәйгесі.
15.30 «Arta». Сараптамалық бағдарлама
16.20 «Aqorda»
16.30 «Көңіл толқыны»
17.00 AQPAPAT
17.15 «СУ ПЕРІСІ». Мультхикая. (АҚШ, 1992 ж.)
18.00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAN». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «БІЗДІҢ СЫНЫП». Телехикая. (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.30 AQPAPAT
1.05 «Сана»
2.25 «Күй-керуен»
2.55 «Өмір көркем»
3.45 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 Мегахит. «Загнанный»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті еңбекте»
10.30 Мультсериал. «Нильс»
11.20 Мультсериал. «Невероятные приключения Нильса»
12.00 Телехикая. «Мелек 2»

14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
16.00 Телесериал. «Человек без сердца»
18.00 Новости.
18.20 Ток шоу. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.20 Ток шоу. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Мелек 2»
21.45 Телехикая. «Келінжан 4»
23.00 «Ұйқым келмейді». Тікелей эфир!
00.00 «StartUp KZ»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.30 What's up?
07.00 Ризамын
08.00 «Күліп ALL»
09.00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы (повтор)
10.00 «Құнсыз келін» үнді телехикаясы
11.00 Мультсериал «Команда «Мстителі»
12.00 Мультсериал «Маша и медведь»
12.20 КИНО. Том Круз в фантастическом боевике «Особое мнение» (повтор)
15.30 КИНО. Николас Кейдж в фантастическом боевике «Призрачный гонщик» (повтор)
18.00 КИНО. Кевин Джеймс в комедии «Мой парень из зоопарка»
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 КИНО. Джеймс Кэвизел в фантастическом боевике «Викинг против пришельцев»
23.35 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
00.30 «31 әзіл»
01.00 Үнді сериалы «Анупама»
01.40 What's up?
02.30 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.00 «KOREMIZ» бағдарламасы
9.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
9.50 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
10.45 «ЛОМАНЬЕ ЛИНИИ». Многосерийный фильм
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KOREMIZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сергей Марин, Сергей Чирков, Зоя Бербер, Александр Самойленко в многосерийном фильме «ДУШЕГУБЫ»
1.45 Ночной кинотеатр. «ФУРЦЕВА. ЛЕГЕНДА О ЕКАТЕРИНЕ»
2.45 «НОВОСТИ»
2.50 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
4.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
До 4.30

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
07.30 Т/п «Айна Online»
08.00 Jaidarman
09.00 Т/п «Гадалка»
10.10 Т/с «Подкидыш»
14.30 Ток-шоу «Қыздар-ай»
15.40 Battle сөз
16.30 Әзіл time
17.00 Т/с «Семейные узы»
18.00 Т/с «Когда прошлое впереди»
20.00 Т/с «Гости из прошлого»
21.00 Т/х «Krasavica&Nurdaulet» Тұсаукесер!
21.30 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
22.30 Т/х «Қанатсыз құстар»
23.30 Т/х «Пеленшеевтер»
00.10 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
00.40 Т/п «Айна Online»
01.10 Jaidarman
02.10 Т/п «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07.30 «ЕРІКСІЗ МАХАББАТ», корей телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
08.00 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.20 «БЫЛО ДЕЛО»
10.20 «АКИМ», казахстанское кино (повтор)
12.50 «СЕМЬЯ», мелодрама (худ. фильм) (повтор)
15.00 «ҚАРА ГҮЛДЕР», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
17.40 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «БЕЗ ТЕБЯ», детективная мелодрама (худ. сериал)
00.00 «ЛОВУШКА», криминальный детектив (худ. сериал)
02.00 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)
02.35 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
10.10 Жүйріктер – мультфильм
10.20 Ем болсын
10.30 Бабалар сөзі – өсиет
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Айтыс Strike
13.24 Dental planet
13.30 Идея
14.50 Ұлт саулығы
15.00 Ұлттық спорт – «Жамбы»
15.30 25 сағат
17.00 Сау болайық
17.10 Views
18.20 Әжемнің өңгімесі
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
19.00 Автопортрет
19.35 Саммари 100 кітап
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Емен-жарқын
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.25 Таласфильм – «Жанұя»
22.55 Views



«ҚАЗАҚСТАН ДАУЫСЫ БАЛАЛАР». «ҚАЗАҚСТАН» арнасы. Сағат 20.30-да.

ЖЕКСЕНБІ
11 МАУСЫМ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
7.00 Концерт. Бала-шоу
8.00 Мультфильмы
9.30 Детский киноклуб
11.00 Большое кино
13.15 Концерт
15.00 Женский киноклуб
19.00 Үздік әзілдер
20.00 Тұсаукесер! Телехикая
23.00 Мужское кино
1.00 Әмір иірімі
1.40 Дала сазы
2.05 Алматинские истории
2.30 Алматинские каникулы
2.40 Алматы кеші
3.25 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 AQPAPAT
6.50 «Aqorda»
7.00 «Күміс көмей»
7.35 «Дәуір даналары». Деректі фильм
8.20 «AQSAҮҮТ». «Баларан» ұсынады.
8.45 «Білім бәйгесі»
9.20 «Көңіл толқыны»
10.00 «Жазықсыз жүрек». Телехикая.
12.00 «Qazaqstan дауысы. Балалар»
14.00 Дисней ұсынады. «Моана». Мультфильм (АҚШ, 2016 ж.)
15.35 «ГАУНАРТАС». Мәдени-танымдық бағдарлама
16.45 «Әзіл әлемі»
18.00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая.
20.00 «АРТА». Сараптамалық бағдарлама. Тікелей эфир
20.50 «ДАРА». Ұлттық білім бәйгесі
21.45 «Көңіл толқыны»
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
23.20 «Біздің сынып». Телехикая.
1.05 «Арта». Сараптамалық бағдарлама
1.55 «Күміс көмей»
2.40 «Aqsaуut»
3.00 «Жәдігер»
3.25 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
06.15 Концерт. «Jaп yrymт». Құрмаш Махан
08.00 Кәсіпқой бокс. «Теофимо Лопез – Джош Тэйлор». Нью-Йорктан тікелей қосылым!
11.00 «Әсем әндер»
12.00 Мультфильм. «Капитан семи морей»
13.15 Мультсериал. «Невероятные приключения Нильса»
13.30 «Балақай»
14.15 «Әрекет»
14.45 Телехикая марафоны. «Шашу»
15.45 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен
17.30 «Маска»
19.30 «Маңдай тер»
21.00 Информационный канал – аналитическая программа «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских расследований»
22.15 Мегахит. «Город тайн»
00.15 «Киноман»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия

07.00 What's up?
08.00 Тамаша live
09.00 «TeleBingo» прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 «Теннис-шоу»
10.20 Мультсериал «Маша и медведь»
10.50 Анимационный фильм «Три богатыря и Морской Царь» (повтор)
12.40 Анимационный фильм «Коати. Легенда джунглей» (повтор)
14.40 КИНО. Дев Пател в фантастическом боевике «Робот по имени Чаппи» (повтор)
17.20 КИНО. Ченнинг Татум в боевике «Штурм Белого дома» (повтор)
20.20 КИНО. Джерард Батлер в боевике «Законопослушный гражданин»
22.50 КИНО. Милла Йовович в боевике «Обитель зла. Последняя глава» (повтор)
01.00 «Алдараспан»
02.20 What's up?
02.30 Әзіл студия
03.00 1001 Әзіл
03.30 Ризамын
04.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.45 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.50 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9.00 «БАЙКОНУР. ПЕРВЫЙ НА ПЛАНЕТЕ ЗЕМЛЯ». Документальный фильм
9.55 «ПРОУЮТ»
11.00 «QAIМАҚ» бағдарламасы
11.30 «СЕВЕРНОЕ СИЯНИЕ». Многосерийный фильм
13.30 «ГОД СОБАКИ». Многосерийный фильм
17.35 Премьера. Виктор Добронравов, Владимир Ильин в фильме «ПАЛЫМА»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Александра Сизоненко, Наталья Высочанская, Алексей Чугаев в многосерийном фильме «СОЛОМОНОВО РЕШЕНИЕ»
1.10 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?». Летняя серия игр
2.25 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.10 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До 4.30

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.50 Әзіл time
07.40 Т/х «Krasavica&Nurdaulet»
09.00 Т/п «Измайловский парк»
11.00 Х/с «Алтарь Тристана»
15.00 «Қызықты weekend»
16.00 Х/с «Алматы Цирцеи»
20.10 Х/с «Отель «Толедо»
00.10 Әзіл time
01.10 Т/п «Жұлдыздың жары»
01.40 Jaidarman
02.40 Т/п «Келесі кім?»
03.10 Т/х «Япырай»
03.40 Т/п «Жеңіп көр»
05.10 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ»
07.50 «АЛДАРАСПАН»
09.30 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-программа
10.40 «ВТОРАЯ ПЕРВАЯ ЛЮБОВЬ», детективная драма (повтор)

15.00 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы (қайталау)
18.40 «10-дық ТОП», ән-шашу
21.00 «КОМПАНИОНКА», мелодрама (худ.сериал)
01.00 «ШЛАГБАУМ», казахстанское кино (худ.фильм)
02.15 «КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ» (қайталау)
03.00-04.30 «10-дық ТОП» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

5.50 Өнұран
5.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер) Канада – АҚШ. Тікелей эфир
8.05 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының журналы
9.00 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
9.35 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер) Словения – Иран. Тікелей эфир
11.40 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының журналы
12.30 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. Финал. «Манчестер Сити» (Англия) – «Интер» (Италия)
14.50 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
15.20 «ДЗЮДО. Grand Prix»
17.20 «Жеңіл салмақ жампозы». Біржан Жақыпов. Деректі фильм
17.50 БАСКЕТБОЛ. Батыс Азия Суперлигасы. Сегіздік финал. «Shahradari Gorgan» (Иран) – «Astana» (Қазақстан)
20.00 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
20.35 БАСКЕТБОЛ. Батыс Азия Суперлигасы. Сегіздік финал. «Shabab Al Ahli Dubai» (БАЭ) – «Kuwait» (Кувейт)
22.40 Арнайы репортаж
23.00 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
23.25 ФУТБОЛ. U-20 жастар арасындағы футболдан Әлем чемпионаты. Үшінші орын үшін матч. Тікелей эфир
1.30 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер) АҚШ – Бразилия. Тікелей эфир
2.35 «Сұрмергендер сайысы». Арнайы репортаж
2.55 ФУТБОЛ. U-20 жастар арасындағы футболдан Әлем чемпионаты. Финал. Тікелей эфир

4.55 «Велошабандоздар додасы». Арнайы репортаж

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
7.40 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
8.00 «Адал достар» Мультхикая.
8.25 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
8.50 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
9.15 «Үйшіктер» Мультхикая.
9.40 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
10.05 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
10.20 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама
10.45 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
10.55 «Қалқанқұлақ» телехикая
11.40 «Қайсар автобус» Мультхикая.
12.10 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
12.35 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
12.50 «Көке» ситком.
13.05 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
13.30 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
13.45 «Үйшіктер» Мультхикая.
14.10 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
14.25 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
15.00 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
15.25 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
15.35 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
15.50 «Адал достар» Мультхикая.
16.15 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
16.40 Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
16.50 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
17.15 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
17.30 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
17.40 «Лесси» Мультхикая.
18.10 «Көке» ситком.
18.25 Анимация. Отандық / «Ғажайып әлем»
18.40 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
19.05 «Қалқанқұлақ» телехикая
19.50 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
20.05 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
20.30 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама
20.55 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
21.15 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»

21.30 «Қайсар автобус» Мультхикая.
22.00 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.15 «Лесси» Мультхикая.
22.40 Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
22.55 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
23.10 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
23.40 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.30 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.25 «Маша и медведь» Мультфильм
09.10 «ТаңғыFresh»
09.50 «Любопытная Варвара» телесериал
12.20 «Осман» түрік телехикаясы
13.20 «Алдараспан»
17.00 «Рекетир» Худ.фильм
18.50 «Кочевники» Худ.фильм
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
00.15 «1bol»
00.40 «Рекетир» Худ.фильм

TALIM TV TALIM TV

07.00 Views
08.10 Руханият
09.00 Айтыс. Алтын қор
09.30 Саморазвитие с Маржан-коуч
09.55 Сау болайық
10.10 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
10.20 Ем болсын
10.30 Балалар сөзі – өсиет
11.00 Қазақ спортының классикасы
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Таласфильм – «Барыңды бағала»
13.00 Ролик – «Сағыныш»
13.24 Dental planet
13.30 Қазақы әңгіме
14.20 Өнер қырандары
14.50 Ұлт саулығы
15.00 Youtube times
17.00 Сау болайық
17.10 Бір дубль
18.30 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
19.00 Балалық шаққа саяхат
19.35 Бақытты отбасы
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Talim Speakers
20.40 Сырласайық
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.30 Ғибратты ғұмырлар
22.00 «Тастандылар» – Қысқа метражды фильм
22.30 Пруст сауалнамасы
22.55 Views

«ШАШУ» ТЕЛЕХИКАЯ.

«ХАБАР»
арнасы.

САҒАТ 14.45-те.



Қ.А.ЯСАУИ – 930

РУХАНИ ҰСТАЗ

Қожа Ахмет Ясауи тұлғасын тану – болашақ ұрпақ борышы



Тұран топырағы талай түркінің ата-қонысы. Мұнда баһадүр бабалар ғұмыр кешті. Кілең игі жақсылар билік құрды. Шайырлар дүниеге өлең-жыр арнады. Ғылым мен білім кең қанат жайды. Жұртшылық бейбіт әрі мамыражай күн кешті. Бір сөзбен айтқанда, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман болды». Алаш ардақтысы, ақын Мағжан Жұмабаевтың «көп түрік енші алысып тарасқанда, қазаққа қара шаңырақ қалған жоқ па?» деп жырлауы тегін емес. Бүгінгі әңгіме Қожа Ахмет Ясауи мен Түркістан шаһары туралы. Ғұлама ойшыл – түркі дүниесінің рухани шамшырағы һәм сопылық ілімнің негізін салушы жатқан жер қастерлі де құтты мекенге айналып отыр.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Түркі халқының ортақ отаны бар. Ол – Қазақстан. Күллі Алаш баласы тәу ететін құтты мекен де осы. Ілімнің шамын жағып, сопылықтың негізін салушы ортағасырлық ойшыл Қожа Ахмет Ясауи қасиетті Яссы шаһарында ғұмыр кешті. Сопының жазған «Диуани хикметтері» адамзаттың асыл құндылығы саналады.

Биыл Қожа Ахмет Ясауидің туғанына – 930 жыл. Осыған орай, елімізде мемлекеттік деңгейде атаулы күндер санатына еніп отыр. Адамзаттың ардағы, толеранттылық пен мейірім-шапағаттың жолын көрсеткен бірден-бір ілімдар әрі дара тұлға.

ІЛІМДАРЛЫҚ ЕҢБЕКТЕ



Ел арасында «білімдіге дүние жарық» дейді. Осы тәмсілдің тамыры тереңге кеткен. Сопылық ілімнің негізін салушы Қожа Ахмет Ясауи өзінің бар ғұмырын ілім жинауға арнапты.

«Диуани хикмет» – адамзаттың асыл құндылығы. Мұнда барша ғаламның құпиясы тұнып жатыр. Мұнда кісілік, адамгершілік, тағылымдық-тәрбие, ең негізгісі Хакты тану ойлары қамтылған. Өлеңмен өрнектелген өмір суреттеледі. Жан-дүниеміздің байыз тауып, бір сәт тынығу сәті осында. Ғасырлар бойы жинақталған асыл құндылық көрініс тапқан.

Орта ғасырлық ойшыл өз кітабын Орталық Азия түркілеріне түсінікті «шағатай тілінде» жазған. Мұнда мұсылман діні жергілікті халыққа түсінікті етіп жазылған. Дәлірек фольклорлық негізге бағытталып, түркі жұртының дәстүрлі таным-түсінігіне ыңғайлы етіп бедерленген. «Диуани хикметтің» түпнұсқасы сақталмаған. Ең ескі нұсқасы XV ғасырдың орта кезінде араб әрпімен көшірілген. Бертін келе «Диуани хикмет» 1887–1901 жылдары Қазанда, 1901 жылы Ыстамбұлда, 1902–1911 жылы Ташкент баспаларынан жарық көрген. Бұл еңбектің жазылу тарихын, поэтикасын, сопылық-философиялық идеясын, қоғамдық-әлеуметтік мән-мағынасын, ислам дінін таратудағы рөлін М.Ф.Көпрулузаде, Н.С.Банарлы, Е.Э.Бертельс, А.К.Боровков, Э.Р.Рустамов, В.И.Зокидов, т.б. ғалымдар жан-жақты зерттеді.

Бағамыздан қалған мұра өзектілігін жоймады. Күн өткен сайын рухани құндылық түгесіліп барады. Қауырт шаруа басқаға мойын бұрғызбауда. Материалдық байлық ілгеріп тұрған шақта, нағыз жан-сарай қажет. Көңілді тыныштандырып, жүректі мейірім, шапағат, ғадауат сынды т.б. қасиеттермен сусындату керек. Осы ретте нағыз көмекші құрал ол «Диуани хикмет» деп ұғамыз.

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ КЕСЕНЕ



ЮНЕСКО-ның қасиетті жәдігерлер тізіміне енген бірегей мұра бар. Ол – қасиетті Әзірет Сұлтан қорық-мұражайы. Ескерткіш мемлекет қарауында. Туризм сарапшыларының пікірінше, жыл сайын мұнда келушілер саны 1,5-2 есеге артып отыратын көрінеді. Қазақстанға саяхаттаушылардың 50–60%-ы осында табан тірейді екен. Бұл туризмге берілген үлкен мүмкіндік деп білеміз.

Бір кездері жарты әлемді уысында ұстаған даңқты Әмір Темір Яссы шаһарына сапар шегіпті. Әйгілі қолбасшы аңыз-әфсана бойынша Әзірет Сұлтанға кесене тұрғызбақшы болады. Бірақ көк өгіз қиратып кете береді. Сөйтіп, Ақсақ Темір жанындағы данышпандарынан мұның сырын сұрайды. Сонда жергілікті ақсақалдар әуелі ойшылдың ұстазы Арыстан баба кесене салдыру қажеттігін айтады. Осылайша алдыменен ұстазына, содан соң Әзірет Сұлтан бағамызға тұрғызыпты. Ал құрылысқа Шираз, Шам, Дамашық, Бағдат шаһарларынан ұсталар алдыртыпты. Кей деректерде күйдірілген кірпіш 30 шақырымдағы Сауранда құйылыпты. Биенің сүтіне иленген деген де аңыз ұшырасады. Құрылысшылар жерге түсірмей, қолдан-қолға беріп жеткізіпті деседі. Іргелі құрылысты тәмамдауға Әмір Темірдің ғұмыры жетпепті. Қытайға шабуылға бара жатқан жолда Отырарда қайтыс болыпты. Ұрпағы Мырза Ұлықбек аяқтатуға мұрындық болыпты. Содан бері 700 жылға жуық уақыт бойы тәу етіп, алыс-жақыннан келгендер зиярат қылатын киелі орынға айналыпты.

Бейресми деректерде, Түркістан автономиясының негізін салушылардың бірегейі Мұстафа Шоқай патша әскерінің жермен-жексен болуынан аман алып қалуы үшін түркілердің дербестігінен бас тартқан деп жорамалдайды. Патша әскері 11 рет зеңбірекпен атқы-

лапты. Бірақ соның бірері ғана тигенге ұқсайды. Оның бұндай тарихи шешімнен бас тартуын баба рухына деген шексіз құрмет ретінде түсінеміз. Бұл әңгімені жергілікті көнекөз қариялардан естіген едік.

Біздің үлкен әжеміздің түбі Түркістан шаһарынан еді. Үнемі туған жерін еске алып, тебіреніп отыратын. Патша әскері кесенеді киелі кітаптарды өртемек болады. Нақ сол уақытта бәрі құс болып ұшып кеткен екен деп жиі айтатын. Қазақта «жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды» дейді. Әр аңыздың түбінде бір шындық бар. Бір таңқаларлығы, көк күмбезі мен кіреберіс тұсында үнемі құстар ұшып жүреді. Ол арада жейтін жемтік жоқ. Зиярат етушілер, саяхаттаушылар әрі кетсе бір уыс бидай, арпа, тары себер. Бірақ тұрақты құс жейтін ештеңе байқалмайды. Кейде қасиетті өлкенің біз білмейтін тылсым сыры мүлгіп жатқан шығар деп ойлаймыз.

ТҮРКІСТАН ТҮРЛЕНІП КЕЛЕДІ



Бұл шаһарда күнде өзгеріс, күнде жаңалық. Бүгінде туристердің жиі келетін мекеніне айналған. Қазақ елінің қайталанбас өнер туындысы осында салыну үстінде десек, әсте жаңылмаспыз. Ғажап, сәулетті, әсем ғимараттар бой көтеріп келеді.

Қасиетінен айналдым, қастерлі төрт қақпалы Түркістан! Осы өңірді айтқанда жан-жүрегіміз елжірейді. Күллі адамзаттың қастерлі һәм құтты мекені. Өзіміз осы қалада Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінен білім алдық. Көзіміз ашылды. Дүниеге кең көзқараспен қарауды түсіндік. Киелі Оңтүстік өңірінің адамдары жайдарлы. Қазақтар хандары, батырлары, би-шешендері мәңгілік қоныс тепкен мекен. Бір сөзбен айтқанда, нағыз жер бетіндегі жұмақ дер едік.

Қазір Түркістан түрленіп келеді. Барша жақсылық атаулы сол қалада болып жатқандай. Зәулім ғимараттар бой түзеуде. Керуен сарай, амфитеатр, спортарена, Фараб кітапханасы, Туризм университеті, бәрі-бәрі жарасымды. Осы аталған мекемелер шаһардың шырайын ашып тұр.

Алматы Түркістанға тарту ретінде журналистерге арнап «Ала-тау» ғимаратын салып берді. Қазір онда телесарна, газет, сайт тілшілері қызмет атқаруда. Олар хабарды дүйім түркі халықтарына тарата бастады. Маңайынан жастарға көпқабатты үйлер салынуда. Өңір әкімдігі, басқармалар, сәл шеткері халықаралық әуежай қызмет көрсетіп тұр. Аймақтың құрғақ континенттік белдеуіне орай, Қаратау беткейінен орманды алқап, саябақ салынған. Көшелерде ауаны ылғал ететін субұрқақтар қойылған. Арнайы арықтар, суағар жасалған. Шетелдік меймандарды қарсы алуға, күтуге арналған қонақүйлер салынуда. Құдды бір Дубай, Швейцария дерсіз. Барсаңыз, ертегілер әлеміне тап болғандай боласыз. Баршасы тап-тамаша үйлесім тапқан.

● ТҮЙІН:

Дүниеде ойшылдар жетерлік. Әр халықтың дараланған ұлдары бар. Алайда, Қожа Ахмет Ясауи баба-мыздың жолы бөлек. Орта ғасырлық ғұлама 63 жасқа дейінгі, одан кейінгі «Қылу» жер астындағы ғұмырын ілім іздеумен өткізді. Материалдық нәрсеге алданбады. Тура жүріп, тура тұруға тырысты. Кісінің көңіліне келмеуге, барды қанағат тұтуға тырысты. Саналы өмірін алдалық пен мейірандыққа арнады. Оның шәкірттері Араб әлемі, Түркия, Иранға дейін таралды. Түркістандағы әрбір тас тарихтан сыр шертеді. Әрбір шежіре ойшылдың жүріп өткен ізімен түйіседі. Бүгінгі ұрпақ мұны шетелдік туристерге насихаттап, оның мұрасын дәріптеуге тиіспіз. Сонда ғана бұл біздің тарихқа көрсеткен зор құрметіміз болмақ.

● ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

ЛҚИЯҰЛЫ



Суретті түсірген Самат Құсайынов

ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРИЯ

Қоғам қайраткері
Н.Балқияұлының мемуарлық
кітабының тұсауы кесілді

Логистика және көлік академиясының мәжіліс залында бас қосқан қаланың зиялы қауым өкілдері мемлекет және қоғам қайраткері Нұридін Балқияұлының өмір жолына арналған кештің куәсі болды. Алдымен профессор Н.Балқияұлының еңбек жолына арналған деректі фильм көрсетілді. Еліміздің дамуына зор үлесін қосып, қажырлы еңбек еткен азаматтың мемуарлық кітабының тұсауы кесілді.



Рая
ЕСКЕНДІР

Салтанатты кеш оқу ордасының басшысы Салтанат Әміргалиеваның құттықтау сөзімен басталды. Елімізде айтулы азаматтың қолының ізі қалмаған сала жоқ десе де болады. Әсіресе, қазақтың жас қаламгерлерін қанатының астына алып, қосқорлық танытуы әдебиеттің дамуына қасқан зор үлесі болды. Бұл тұрғыда ҚР Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары, ақын Қасымхан Бегманов өткен күндерді еске ала отырып, нақты дәлелдермен жеткізді. «Жақсының жақсылығын айт» демекші, үзентілерінің атынан сөз алып, алыстан ат арытып келген И.Қарабасовтың жүрекжарды тілегі де көптің ойымен үндесіп жатты. Арқалы азамат Дулат Әбіштің Нұридін Балқияұлы туралы айтқан естелігі де азаматтың еңбегіне, кісілік келбетіне, беззат болмысына берілген баға іспетті болды. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген құттықтаулар да өз нәсіл тауып жатты.

Ағамыз сонау 1973–1977 жылдары қоғамдық негізде Шымкент облыстық сотының кеңесшісі болып сайланып, талай сот процесстеріне қатысты. 1978 жылы Қазақстан Компартиясы Шымкент облыстық комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісінің орынбасары, 1983 жылдан өнеркәсіп және көлік бөлімінің меңгерушісі болды. Осы облыстың машина жасау зауыты мен түсті металлургия кәсіпорындарында жаңа технология мен қуаттарды енгізу, кірме жолдарды дамыту, Арыс, Қазығұрт және Шымкент станцияларын ұлғайту жұмысына белсене атсалысты. Қазақ теміржолының «Шенгелді-Түлкібас» учаскесін электрлендіру сияқты жұмыстардың бел ортасынан табылды. Әсіресе, Нұридін Балқияұлының тікелей атсалысуымен ашылған Шымкенттегі «Балалар теміржолы» мен «Хайуанаттар бағы» қаланың құндылығына айналды. Түркістан қалалық комитетінің бірінші хатшысы болып, Түркістан халық депутаттары Кеңесінің төрағасы қызметтерін қоса атқарды. Осы кезде «Түркістан қаласының әлеуметтік дамуы», «Республикалық Әзірет Сұлтан мұражай-қорығын құру жайлы» арнайы Үкімет қаулысының қабылданып, іске асуына да белсене күш салды. Бүкіл қазақтың бойтұмары болған жәдігерді елге қайтарды. 1989 жылы 18 қарашада Нұридін Балқияұлының тікелей араласуымен Санкт-Петербург қаласындағы Эрмитаждан Түркістанға ұлттық жәдігер – «Тайказан» қайтарылды.

Нұридін Балқияұлының «зейнеттемін» деп қарап отырған кезі жоқ. Ұлты үшін қызмет етуге дайын. Соның бір дәлелі – 192 ғылыми-публистикалық және оқу методикалық еңбектері, «Әлемдік тәжірибе» атты монографиясы, 12 кітап, 5 оқулықтың авторы. Оған қоса, Санкт-Петербург академиясының, Халықаралық Ақпараттық академияның толық мүшесі. Түркістан қаласының «Құрметті азаматы».



ҚОЛӨНЕР

ҚАЗАҚЫ НАҚЫШТАР – РИМДЕ



Римде «Дәстүр және заманауи Қазақстан – ғасырлар бойғы байланыс» тақырыбында қазақстандық дизайнерлер мен зергерлер топтамасының тұсаукесері өтті.

Оған 100-ден астам адам, оның ішінде Италияның креативті индустриясының өкілдері, дизайнерлер, өнертанушылар, суретшілер қатысты. Бұл туралы ҚР СІМ бас-

пасөз қызметі хабарлады. Тұсаукесердің мақсаты – біздің бірегей тарихты, дәстүрлер мен ұлттық мұраны бейнелейтін сәндік-қолданбалы өнердегі үрдістер арқылы

итальяндық аудиторияны Қазақстанның ұлттық болмысымен таныстыру.

Коллекциялар тұсаукесерін киіз бұйымдар топтамасы ашты. Көрермендер назарына дәстүрлі қолөнерді қолдана отырып жасалған заманауи шапандар мен шарфтар ұсынылды.

Одан соң қазақстандық сәнгерлер белгілі суретші-зергер Нұрдос Әлиасқаровтың зергерлік бұйымдарын ұсынды. Ұлттық стильде жасалған сырға, білезік сынды әшекей бұйымдарға шетелдіктер қызығушылық танытты.

Сондай-ақ, сәнгерлер отандық этно-дизайнер Тарбия Айдымбаеваның этникалық костюмдерінің топтамасын көрсетті. Тұсаукесер қалыңдықтың дәстүрлі той көйлегін көрсетумен аяқталды. Меймандар үшін кілемдер мен киізден жасалған бұйымдар көрмесі ұйымдастырылды.

Бұл тұсаукесердегі ең маңызды жаңалық – қазақы киімдер топтамасын киіп шыққан модельдер Италияның жоғары оқу орындарында оқитын өзіміздің қазақстандық студенттер болды.

ЕСКІРМЕЙТІН ЕСТЕЛІК

Қамбар УӘЛИЕВ,
«Көксерек» фильміндегі кішкентай
Құрмаш рөлін ойнаған актер:

ҚАЙРАН, ӘЖЕ!

Анам үшін менен асқан актер болмайтын. Мені мақтан тұтатын. «Көксеректің» алғашқы қойылымы Алматыдағы барлық кинотеатрда көрсетілді. Біраз уақыт өткен соң біздің ауылдағы ескі клубқа апарып қойды. Сонда біздің үйдегілер алғаш рет көріпті. Анам көзіне жас алып отырып көрген. Ал мен ол кезде басқа киноға түсіп жүрген болатынмын.



Әжем бар болатын. Кәрі кісі ғой, мені әбден сағынып жүрген болса керек, экран бетінен менің қасқырмен алысып жүргенімді көріп, сахнаға өрмелеп шығып, айғайлап жылапты. Әйтеуір «апатайлап» жүріп сахнадан зорға түсіріпті.

Содан бір күні үйге келсем, әжем мені құшақтап алған, ешкімге бермейді. Өзі еңіреп жылап жүр. Содан

маған: «Сені киноға түсіп жүр екен десем, қасқырға талатып жүр екен ғой, енді ешқайда жібермеймін», – деп шыр-пыр болсын.

Ал түсіндіре алсамшы. «Апа, ол жай ғана кино. Бәрі бітті, ол фильм аяқталды. Енді мен басқа киноға түсіп жатырмын», – деп түсіндірсем де құлақ салмай қойғаны бар.

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ



Қызылордалық Нұрлыбек Байменовтің бір қолы осыдан 20 жыл бұрын пойыз астында қалып, жұлынып, сонадайға ұшып кеткен. Аурухана төсегінде жатып «енді қалай күн көремін, жұмысқа кім алады мені, отбасын қалай құрамын» деп жылағанын жасырмайды.

АЗАМАТ

Бүгінде өзінің техника жөндеу орталығы бар. Иә, несие алып ашқан. Жоқтан бар жасап жүрген азамат бірнеше жігітті жұмыспен қамтып отыр. Жұмысындағы қызықты сәттерді Instagram, TikTok желілеріне салып, көпшілікті, әсіресе, жастарды адал еңбек етуге, қиындықтан қашпауға үндеп отыратыны да бар. Нұрлыбектің шолақ қолымен-ақ автокөліктің ауыр қорабын бір иығына салып алып, өз бетінше тіршілік етіп жатқанын көрген алматылық Шалқар есімді азамат жуырда оған құны көп ақша тұратын, көліктерді жөндеуге арналған құрал-жабдықтар сыйлады. Қуанышын жасыра алмаған Нұрлыбек Байменов жаңалығын әлеуметтік желіде бөлісіп, оқырмандарынан сүйінші сұрады. Шалқар замандасына алғысын білдірді.

Айтпақшы, Нұрлыбек Байменов үйленген, екі баласы бар. Келіншегі: «Екеуміздің ұрсысқан кезіміз есімде жоқ. Бір нәрсеге көңілі толмай қалса, атымды атамай, маған қарай «әу, Ержанова» деп фамилиямды зілсіз атап жақындап келе жатқаннан, «Сенімен ұрсысу да мүмкін емес» деп күліп жіберетінім бар», – дейді. Мұндай жандардың өмірі бізге үлгі болуға тиіс.

Жоғары білім алмаған, мектептен 9-сыныптан кейін шығып кеткен. Өмірінде көп қиындық көрген. «Мына түріңмен сені ешкім жұмысқа алмайды» деп мұқатқандар да аз болмаған. Күнделікті нәпақасын табу үшін шолақ қолымен жүріп-ақ алдынан кезіккен барлық қара жұмысты істеген. Үйлену туралы мүлдем ойламайтын. Себебі, «маған кім күйеуге шыға қояр дейсін» деп, бұл тақырыпты мүлдем жауып қойған сәттері болған. Бала күнінен бұзық болғанын да жасырмайды.

Жергілікті бір ТЖО-ға жұмысқа кіріп, көліктердің қорабын бір қолымен-ақ шешіп алып, иығына салып алып кетіп бара жатқан сәтін көргендер таңқалушы еді. Ол жұмысын жақсы көрді, содан береке тапты. Бірде темір-тұлпарлардың «ішек-қарнын» ақтарып тастап, қайта құрастыратын басшысының әбжіл қимылдарына, іс-әрекеттеріне көз салып жүріп, оны да меңгеріп алады.

ТӘЖІРИБЕ

О.Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжінің II курс студенттері Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейіне барып, өндірістік тәжірибеден өтті, дәріс алды.

СТУДЕНТТЕР – МУЗЕЙДЕ



Өндірістік тәжірибе барысында студенттер музей қорымен және ондағы түрлі жәдігерлер сақталған бөлімдердің жұмысымен танысты.

Өнерді сүйетін жастарға сала мамандары музей залдарын аралатып, тарихи экспонаттар туралы баяндады. Тәжірибе алмасу сабағының алғашқы күнінде студенттерге тәжірибе кураторы Зухра Баянова, экскурсияны ұйымдастыру бөлімінің экскурсия жүргізушісі Талғатұлы Әлішер және антропология және этнология бөлімінің маманы Оралбек Кәрім «Палеонтология және археология», «Тарихи этнография» залдары бойынша экскурсия өткізді.

«Музейдің мәдени-біліми

қызметі. Менеджмент және маркетинг. Жобалық іс-шара» тақырыптары бойынша мәдени іс-шараларды ұйымдастыру және сыртқы байланыстар бөлімінің жетекшісі А.Кушенко мағыналы дәріс оқыды. Ал Қазақстан тарихы бөлімінің ғылыми қызметкері Назгүл Асылбекова мен кіші ғылыми қызметкер Қанағат Аятов Саяси қуғын-сүргін және апаршылық құрбандары күніне арналған «Зұлмат жылдар жаңғырығы» атты музейлік сабақтарын өткізді.

Тәжірибе алмасу барысында студенттер шығармашылық бөлімінде болып, музей залдарындағы жәдігерлердің эскиздерін салып, түрлі композициялар жасау мүмкіндігіне ие болды.



ӨМІР – ҒАЖАП!

Австралиялық Ник Вуйчич сирек кездесетін синдроммен – екі қолы, екі аяғы жоқ күйінде туған. Бірақ ақылы-есі сау. Сондықтан да ата-анасының өтінішімен мүгедектерге арналған емес, кәдімгі мектепте білім алуға мүмкіндік алған.

Ол туған кезде дәрігерлер ата-анасына «Өте өкінішті, сәбилеріңіз ешқашан жүре алмайды» деген екен. Өмірге құштар Ник бұл үкімді жоққа шығарды, тіпті аяқ тұсындағы кішкене екі саусағының көмегімен тісін ысуды да өзі үйрене бастаған.

Әрине, оған қол-аяғы бүтін сыныптастарымен бірге оқу аса оңай бола қоймаған. 10 жасын-

да сыныптастарының мазағына, кемсітуіне шыдамай, суға батып өлгісі келген көрінеді. Бірақ оны бұл райынан ата-анасы қайтарған. Ол қол-аяқсыз-ақ серфингпен айналысты, скейтборд тебе бастады. Бос уақытында гольф ойнағанды ұнататын. 19 жасынан бастап жасөспірімдер, студенттер алдында өзі туралы әңгімелеп, оларды өмірді сүйеге үндей бастаған. Оның ораторлық қабілеті дәл осы кезде ашылған секілді.

Аяқ жағындағы кішкене саусақтарының көмегімен компьютерде минуттына 45 сөз теру арқылы кітап жаза бастаған. Бертін келе өзінің өмір жолы, кездескен қиындықтары мен қызық-қуаныштары және қандай қиындық болса да мойымаған мүгедек жандар туралы баяндайтын «Жизнь без границ», «Неудержимый», «Любовь без границ», «Будь сильным» сынды кітаптарын жазып шығарған. Ол екі жоғары оқу орнын бітірген, бухгалтер және қаржыгер деген екі мамандығы бар. Қазіргі таңда – миллиондаған адамға шабыт сыйлаушы мотиватор, оратор және меценат. Әлемнің 60-қа жуық елін аралап, мектептер мен университеттерде шеберлік сабақтарын жүргізіп, өмірден баз кешіп жүрген көптеген жанның жүрегіне үміт отын жаға білген мейірімді адам.

Никтің бүгінде сүйікті әйелі, төрт баласы бар. «Мен де, менің әйелім де кедей отбасынан шыққанбыз. Менің айнамаңның алдында аш, бірақ жымиып тұрған африкалық жетім баланың суреті ілініп тұр. Мен сол суретке қараған сайын өмірде қандай қиындық болса да шүкір ете білу керектігі, есейген кезде жетімдерге қолұшын созым келетіні туралы ойлайтынмын. 19 жасқа толғанда Африкадағы жетім балаларға 30 мың доллар аудардым. Мен бұл мақсатқа бірден жетпесем де, біртіндеп жеттім. Бүгінде зайыбым екеуміз 15 жетім балаға тұрақты түрде демеушілік жасаймыз. Менің балаларым ол балаларға хат жазады. Өз балаларымды қайырымды, мейірімді болуға үйретемін. Әр адам өзінен бастауы керек!», – дейді ол.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



ҚАРЖЫЛЫҚ МОНИТОРИНГ

Бақылау күшейтілді

Құмар ойыны казино мен аппараттан басқа, TikTok желісі арқылы да көп ұйымдастырылған. Қаржылық мониторинг агенттігі 100-ден астам онлайн ойын өткізетін аккаунтты анықтады.

Опа бермес ойынның арқасында алматылық екі азамат 4 айда 13 млн теңге заңсыз табыс тапқан. Сот құныққан оларды 1,5 жылға бас еркінен шектеді. Агенттік өкілдері құмар ойынның сүйек лақтыру, карта, онлайн-рулетка арқылы өткізілгенін айтты. Қағида бірдей, бас тігуге тарту. Үлестің төрттен бірі – ұйымдастырушыда, қалғаны – жеңімпазда қалады. Бас тігуді қабылдау мен ұтысты беру банктік онлайн аударыммен іске асады.

«ҚР Қылмыстық кодекстің 307-бабында заңсыз

ойын бизнесін ұйымдастырғаны үшін жауапкершілік қарастырылған. Осы қылмыс үшін бірнеше адам сотталды. Бүгінде сотта TikTok желісіне ұқсас мазмұндағы контент үшін 4 ұйымдастырушыға қатысты іс қаралуда. Азаматтардың салауатты боп, құмар ойынға араласпауын сұраймыз. Бұл өзі заңға қайшы әрекет», – деп мәлімдеді республикалық Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми өкілі Әлібек Әбділов.

ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫ

Әділ тергеуді талап етеді

«Әскери десантты шабуылдаушы бригаданың жауынгері күдікті деп танылған Қаңтар оқиғасында оққа ұшқан Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаевтың ұлына қатысты істе куәгерлерден жауап алынды», деп хабарлайды Almaty.tv.

Дүрбелеңдегі өлімге әскери десантты шабуылдаушы бригаданың жауынгері күдікті деп танылған. Алайда, оның адвокаты мен туыстары кінәні айғақтайтын дәлелдің жоғын айтты. Отырыста жауап берген куәгерлер де 33 жастағы азамат біреуді жазым қылды деген ақпаратты растамады. Үш баланың әкесі Серікбол Мұратхан былтыр күзде қамауға алынған. Сот оны ұйқамаққа жіберу туралы өтінішті қанағаттандырмады. Күдіктінің туыстары тергеудің әділ болғанын қалайды.

– Отыздан аса куәгер келді. Бәрі 90 пайыз кінәсіз екенін дәлелдеп беріп еді. Артында екі баласы бар, әйелі үшіншісін босанды. Бұл – адам құқығын шектеп, құндылықтан айыру, – деді күдіктінің туысы Жанат Қуанышхан.

А.МӘДИ.

ӘЛЕУМЕТ

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР
зейнетақы жинағының барлық
сомасын пайдалана алады

Биылғы 1 шілдеден бастап Әлеуметтік кодекс аясында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақы жинақтары бар зейнеткерлерге тұрғын үй жағдайларын жақсартуға немесе емделуге өздерінің зейнетақы жинақтарының барлық сомасын пайдалануға құқық беріледі.

Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Нақтырақ тарқатар болсақ, осы жылдың 1 шілдесінен бастап еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлер www.enpf-otbasy.kz интернет-платформасы арқылы БЖЗҚ-да жинақталған қаражаттарын тұрғын үй жағдайларын жақсартуға пайдалану үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін алуға «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ немесе екінші деңгейдегі банктерге жүгіне алады.

Емделу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану үшін жоғарыда көрсетілген интернет-платформа арқылы «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ға ғана жүгіну қажет.

Сондай-ақ, Әлеуметтік кодекс аясында 2023 жылғы 1 шілдеден бастап Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшыларына

өзінің зейнетақы жинақтары сомасының 50%-ына дейін өзінің дербес таңдауы бойынша жеке басқарушы инвестициялық компанияларға беру құқығы беріледі. Бұл азаматтарға зейнетақы активтерін басқаруға қатысуға, өздерінің зейнетақы жоспарын құруға, жинақтарын инвестициялаудың балама саясатын таңдауға мүмкіндік береді.

Салымшы зейнетақы жинақтарын жеке басқарушы компанияға аударған кезде оның жинақтарын басқа басқарушы компанияға аудару не Ұлттық Банктің, яғни БЖЗҚ-ның басқаруына қайтару құқығы сақталады.

Мемлекет Ұлттық Банктің басқаруындағы, яғни БЖЗҚ-дағы жинақтар бойынша ғана зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдік береді.

Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру үшін салымшы БЖЗҚ-ға жүгінуі қажет.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Ak-Shamy» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty akshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty akshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty akshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны бас-талды. «Almaty akshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбіртек-ті рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшір-месін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редакция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электрондық мекенжайы-на жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 3603 теңге. ҰОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индекс 95503) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылу-шылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty akshamy» га-зетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері га-зеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады.

Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

«Almaty akshamy» газеті Алматы мен Астана қала-ларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін* *десеңіз;*

* *бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty akshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty akshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* *құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз* *болса;*

* *құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!*

«Almaty akshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



AMANAT

«БАЛАЛАРЫМЫЗ – АМАНАТЫМЫЗ!»

республикалық қайырымдылық акциясы басталды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында Аманат партиясы «Шин-Лайн» компаниясымен бірлесіп «Балаларымыз – аманатымыз!» деп аталатын республикалық қайырымдылық жобасын бастады. Осынау акция аясында қаламыздағы «Жанұя» кешенінде мерекелік іс-шара өтіп, тәрбиеленушілерге қуаныш сыйлады.

Рая
ЕСКЕНДІР

Сонымен, республика бойынша өтіп жатқан акция аясында ерекше назар мен қамқорлыққа мұқтаж бүлдіршіндерге жүйелі түрде қайырымдылық көмек көрсету жоспарланып отыр. Аталмыш қайырымдылық жоба еліміздің 20 өңірде өткізіліп, 8 мыңдай баланы тәрбиеленіп отырған 100-ге жуық мамандандырылған мекемелерді қамтитын болады.

Аталмыш акция аясында партияның Алматы қалалық филиалы мен «Шин-Лайн» компаниясының

басшылықтары, қалалық мәслихат депутаттары және «Жастар рухы» белсенділері шаһарымыздағы 4 мамандандырылған мекемеге барып, ойын-сауық бағдарламаларын ұйымдастырды. Республика бойынша 10 мыңнан астам балмұздақ таратылды. Бұл күні «Жанұя», «SOS Алматы Балалар ауылы», «Мейірім», «Өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды қолдау орталығы» сияқты ұйымдарда тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндер ерекше қуанышқа кенелді. Әсіресе, «Пломбир» деп аталатын ерекше дәмді балмұздаққа бір тойды.

– Өткізіліп отырған қайырымдылық жобаның маңызы өте зор.

Балалардың жарқын келешегі – біздің Аманат. Сондықтан біз балаларымыздың өсіп, дамуына, өз әлеуетін жүзеге асыра алатын лайықты жағдайларды қамтамасыз етуге қолдау көрсетуіміз керек деп есептеймін. Бұл ретте барлық кәсіпкерлерді ата-ана қамқорынан тыс қалған балаларға, сондай-ақ балаларды асырап алған немесе қамқорлыққа алған отбасыларға жан-жақты қолдау көрсетуге шақырамыз, – деді Аманат партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы Станислав Канкуров.

Сондай-ақ, шараны ұйымдастырушылар мұндай бастамалар қоғамның назарын ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың күнделікті мәселелеріне аударуға мүмкіндік беретінін де баса айтып өтті. Мерекелік шарада «Шин-Лайн» компаниясы вафли стаканындағы «Мишка на полосу» балмұздағының сатылымынан түскен пайданың 1%-ын балалар үйінде тәрбиеленетін балаларға көмекке бағыттайтынын жеткізді.

– «Шин-Лайн» біздің отбасылық бизнес, жеке компания. Сондықтан отбасылық құндылықтар бірінші орында тұрады. Біз әрбір балаға қолдау көрсету үшін Аманат партиясымен бірлесіп, барлық өңірлермен бірден байланыста болуға мүмкіндік беретін акцияны қолдаймыз. Сонымен қатар, балалар үйлерінде тәрбиеленіп жатқан ата-анасыз балаларды қолдау бағдарламаларын жүзеге асыратын боламыз, – деп атап өтті «Шин-Лайн» компаниясының президенті, қалалық мәслихат депутаты Андрей Шин.

Қайырымды жандардың арқасында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың саны азайып келе жатқанын байқауға болады. Статистика бойынша Алматы қаласында 3366 бала асырап алу үшін тізімде тұр.

МЕРЕКЕ

Қ.Қожамяров атындағы мемлекеттік академиялық ұйғыр музыкалық комедия театрында көпбалалы отбасылардан шыққан балалардың қатысуымен «Қара жорға» жаппай би флешмобы ұйымдастырылды.

«ҚАРА ЖОРҒА»
ЖАППАЙ БИ ФЛЕШМОБЫМерекеге келген барлық балаларға
балмұздақ таратылды

Іс-шара барысында ұлттық киімдегі балалар бір мезгілде ұлттық биді орындап, татулық пен бірліктің символын көрсетті. Бұл іс-шараға жалпы саны 150 оқушы тартылды.

«Қара жорға» би флешмобы қазақ халық биін дәріптеуге арналған. Өз кезегінде өскелең ұрпақты отансүйгіштік сезімге баулудың да бір бағыты іспетті.

Аталмыш шараның ұйымдастырушылары өздеріне қолдау білдірген театр ұжымына алғыс білдірді.

– Бұл іс-шараның мақсаты

анық. Яғни қазақ халқының ұлттық мәдениетін жас ұрпаққа жеткізуді көздедік. Сонымен қатар, балалар жазғы демалысты шат-шадыман көңіл күймен бастаса деген ниет те бар. Мереке аясында барлық балаға балмұздақ таратылды. Бізге қолдау білдірген жандарға ризашылығымызды білдіреміз, – дейді Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Іске асыру және әлеуметтік жобалар бөлімінің басшысы Рахила Махпирова.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«БҰЛБҰЛ ТОРҒАЙ» АМАЛЫ

«Молшылықтың басы – жаз, жаздың басы – Саратан...». Қазекең бұрын көктемнің басын маусым айынан есептеген

«Бұлбұл торғай» жаз басында болатын алғашқы амал. Жаз торғайының келуіне байланысты осылай аталуы мүмкін. Бұрынғы кезде көктемнің басын маусым айынан есептеген. Себебі, алыстан келетін құстар осы мезгілде түгел келіп болады екен.

Қазақта «жыл құсындай» деген сөз тіркесі бар. Классик жазушымыз Мұхтар Әуезов осы тамаша тіркесті жиі қолданған. Қазақ әдебиетіне жастар лек-легімен келе бастағанда «бұл өзі жыл құсындай жаңалық болды» деп қуана жазған еді.



ды. Осы амал төңірегінде қазақтың әр өңірінде әртүрлі нұсқа бар. «Әләкүлік» амалы. Түйелер бұл кезде ағаш жапырағын жегенде байқаусызда жапырақ астындағы «әләкүлік» деген құртты жеп қояды да жардай болып семіріп, жүріп-тұруы қиындайды, кейде өліп қалады, сондықтан малшылар бұл кезде түйелерді әләкүлік құрты қонбайтын төменірек жерге бағады.

Қазақтар осы амалдардың бәрінен қауіптеніп, үнемі сақтанып, қамданып отырған.

«Молшылықтың басы – жаз,

Жаздың басы – Саратан...».

Халқымыздың аузында жүрген осындай жыр жолдары бар. Демек, жаздың бір атауы осы болса керек. Жаңа туған айдың төртінші жаңасын көрдік. Жаздың алғашқы айының туысы көңілді қуантты. Ұшын тіктеп, еңсесін көтеріп тұр. Маусым мамыражай болып, шаруаға да, мал-жанға да жайлы болатын сыңайлы. Қазақы пайымның бұл болжамын синоптиктер де жоққа шығарып отырған жоқ.

«Жаздың алғашқы айы – маусым республиканың басым бөлігін-

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ
Ай толғанда:

- * Түнге қарай перделерді дұрыстап тұтып, терезелерді қымтау қажет.
- * Ұйқыдағы адамның (әсіресе, сәбидің) бетіне ай сәулесінің түспегені жөн.
- * Ақыл-естің ауытқуына, басқа да психикалық аурулардың туындауына толған айдың өткір сәулесі зиянын тигізуі әбден мүмкін.
- * Бұл ғылымда дәлелденген...

де ыстық болады деп күтіледі, орташа ауа температурасы республиканың басым бөлігінде нормадан 1-2° жоғары, еліміздің солтүстігінде, солтүстік-шығысында, шығысында және оңтүстік-шығысында норма шамасында болжанады (норма: республиканың басым бөлігінде +18+23°С, еліміздің оңтүстік-батыс жартысында +24+28°С, республиканың оңтүстік-шығыс, шығысындағы таулы аймақтарында +7+17°С)» деп мәлімдеді «Қазгидромет».

Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мамандары (18 мамыр, 2023 ж.).

Қазақта «Үркер шалшыққа батса, жаз жанбырлы болады, Үркер құрғақ

жерге түссе, анызақ жел көп болып, қуаңшылық болады, Үркер тасқа түссе, шілінгір қатты ыстық болады деген, т.б. нақты болжамдар бар. Биыл Үркер тасқа түсетін секілді...

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, маусымның 1-і. Ай жүйесі есебінше, айдың 9-шы жаңасы. Қазақша, маусым енді 9 күннен кейін басталады. Апта айдың басы мен ортасын қамтып тұр. Бұл осы мерзімде ауа райының сәл де болса тұрақты болатынының белгісі болса керек.

Осы аптада ай толады. Адамдардың оның нұрынан сақтанғаны абзал. Осы төңіректе бабаларымыз айтқан бірқатар төмендегідей тыйлым бар.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ

Маусым айында амал көп-ақ. Солардың бірі өткен пайымымызда сөз еткен – «Үркердің батуы». Маусым айы басталысымен Үркер мүлде көрінбей кетеді. Ауа жылы бастайды. Халқымыздың «Үркер жерге түспей, жер қызбайды» деген қанатты сөзі осыны меңзейді. Үркердің көрінбеуін бұрынғылар «Үркердің жерге түсуі» деп те атай-